

АҚМЕШТ жастары

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенімін,
Мағжан

№ 48 (429)
4 желтоқсан, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Кезекті кейіпкеріміз ағарғаннан әртүрлі өнім дайындауды бала кезінен үйренген. Қазір Эльмира Базарханова заман талабына сай түрлі-түсті құрт жасап, несібесін айыруда. Айтуынша, құртты дайындау үшін бірнеше күн уақыты кетеді. Сүтті құртқа айналу үшін бірақтар ереже мен тәртіпті сақтау керек. Мәселен, ақ құрт жасауға шикі сүт керек. Ал оның ақ құрт аталу себебі оған тұз көбірек қосылады.

— Ыдысқа толтыра сүт құямын, ую керек. Оны дорбаға құйып, 2-3 күн сары суы сорғығаша күтемін. Кейін ішінде қалған қатығын салқын сумен шайып, майын бөліп аламын. Одан қалған су ірік деп аталады. Оған екі уыс тұз салып, өбден дәмін шығарамын. Іріктің өзін ішкенді, шөл қанады. Қайнаған ірікті тағы 2-3 күнге дорбаға құйып, ағашқа іліп қоямын. Одан қайта сары суы шығады. Сөйтіп дорба түбінде қою қатық қалады. Дәмін көріп, тұзы жетпесе қалағанша қосуға рұқсат. Енді құртты пішініне келтіріп, өреге жаю керек. Мұның алдында майын шайқап алсақ та, құрт майлы шығады. Қалай екені белгісіз, сүттің майлылығы құртқа беріледі, — дейді кейіпкеріміз.

Бұдан бөлек, қайнатылған құрттың тағы екі түрі бар. Олар — қара және сәбізді құрт. Қара құртты әзірлегенде жоғарыда айтылған әдіспен алған ірітке сары май қосып қайнатылады және тұз аздап салынады. Ал сәбізді құртты жасағанда бір шелек ірітке екі шелек қаймағы алынбаған сүт құйып қайнатылады. Оның басқа құрттардан айырмашылығы — үгітіліп тұруында, жылдың қай мезгілі болсын дәм-тұзын жоғалтпауында. Ақ майлы құрт жасағанда алдымен сүтті пісіреді. Оған ұйытқы салып, ұйытады. Әдетте жаздың күні кешкі сүт таңертеңге қарай ұйып тұрады. Ал қазір ол процесс көп уақытты талап етеді. Бастысы жылы жерде сыртын көрмемен немесе басқа маталармен орап қою керек. Ол айранға айналғанда дорбаға құйып, сары суынан айырып сүзеді. Кейін дайын қатыққа тұз салып, езіп, құрт жасалады. Нәтижесінде құрт майлы болып шығады. Оны екі-үш күннен кейін кепейт де, кепкеннен кейін де жеуге болады екен.

Өңіміз барысында Эльмира бұдан бөлек құрттың түрі көп екенін және өзі де чили бұрышы араласқан, базилек қосылған құрттың өзге түрлерін дайындайтынын айтады. Жас болса да, үрдісті жаңғыртып, батыл қадағма барып отырған кейіпкерімізді бастамасы көпті қуанып келеді. Ол әу баста түрлі-түсті құрттардың тез өтуіне күдікпен қарағанын жасырмайды. Алайда дәмі тіл үйіреді дәмнен ауыз тиген тұрғындардан тапсырыс көбіне бастағанда ата кәсіпке деген құштарлығы арта түскен.

— Өзім бала күйіміне байланысты демалыстамын. Бос уақытымызды өзім білетін, қолдан келетін ісіме арнадым. Тапсырыс беруші саны көп. Әбіресе, кешегі індіт өрілген

тұста табиғи,
еш қоспасыз
өнімдерге
сұраныс
арта
түсті.
«Ағы

бардың
бағы
бар» деген.
Ата кәсіпті
жалғастыру,
көпшілікті өзіміздің
өніммен қамту — басты
мақсатым, — дейді
Эльмира.

Сондай-ақ ол өнімдеріне
ұн қосып, дәмін өзгертіп
сататын сатушылар туралы: «Өзім
ешнәрсе қоспаймын. Негізгі дәмін
өзгерту дұрыс емес. Құрт та астың
бір түрі, ал асты қорламау керек», — деп
қысқа қайырды.

Құрттың пайдасы шаш етектерден, оны
айтып тауысу да мүмкін емес. Мамандар оның
тағамдық биологиялық қосталар мен мақтауы
қушты түрлі дәрумендерді жолда қалдыратынын
айтады. 100 грамм сүзбенін қуаты 227 кка болса, құрттікі
— 370. 100 грамм құртта 3 грамма жуық ақуыз, 3.2 грамм
кальций мен фосфор қосындылары, белгілі мөлшерде
А1, В2, Д дәрумендері кездеседі екен, яғни 100 грамм
құрттан ағзаға 60-қа жуық килокалория беріледі. Пайдасын
бағамдай беріңіз!

Нұрпала МАҚСАТ

Тоқсаннан асып, жүзге қарай бет алған қай
қариядан ұзақ жасаудың сырын сұрасаңыз,
міндетіміз түрде асарған ішін, құрм жейтінін
айтамыз. Құрм — кальций көзі. Сондықтан
болар, біздің ұлттық брендтімізге айналған
асқа өзге ұлт өкілдері де қызығушылық
танытып, көп мөлшерде тапсырыс
беретінін естиміз. Себебіміз дайын
құрмның көргенде көпшіліктің
таңемі бірден ашылатынын
анық. Дегенмен біз
бұл — шодам мен
төзім шыңдалатын,
алтын уақыт
жұмсалатын
еңбек екенін
ескере
бермейміз.

АҒЫ БАРАДЫН БАҒЫ БАР
НЕМЕСЕ ТҮРАЙ-ТҮСТІ ҚҰРТ
ЖЕП КӨРДІНІЗ БЕ?

Биыл Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» республикалық жастар форумы ерекше жаңалықпен қорытындыланды. Себебі форум аясында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының жеңімпаздары анықталып, жаңашыл буынның жарқын өсімдерін ұлықтауға жол ашылды. Өзара мықтыны анықтаған байқау саланың үздігін іріктеген. Жеңімпаздар арасында жерлестеріміз Ғалымжан Кеңшілік пен Алтынбек Әбділда да бар.

СЫРБӨЙІЛІК «ДАРЫНДАР»

Жылы барысында үздіктерге сыйлықты ҚР Парламенті Сенатының спикері Мәулен Өшімбаев пен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева табыстады. Биыл 10 номинация бойынша берілген «Дарын» сыйлығына қатысқан іріктеу байқалады. Жеңімпаздар сенаттағы әрбір жас айтарлықтай жетістікке жеткен азаматтар. Оза шапқан қос сырбөйілік та ерек дарын екенін бұрыннан дәлелденген жүргені мәлім. Нәтижесінде Ғалымжан Кеңшілік «Журналистика» номинациясы бойынша лауреаттар қатарында көрініс, Алтынбек Әбділда «Классикалық музыка» номинациясында топ жарды. Мұның өзі Сыр бойынан шыққан таланттардың табандылығын білдірсе керек. Форумда сөз алған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жастарға арналған үндеуі де жеңімпаздардың мақсатымен мүдделес:

«30 жыл — халқымыз үшін тарихи белес. Біз осы уақыт ішінде ата-бабамыздың асыл арманын орындап қана қоймай, оны баянды ете білдік. Қазақстанды әлем таныған, жаһан мойындаған іргелі мемлекетке айналдырдық. Бұл — барша халқымыздың ортақ жеңісі. Мен Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялаған тұста еліміздің келешек жарқын, халқы бақытты, жастары бауырлы болуын деп армандадым. Өзектен ұрпақтың сапалы білім алып, лайықты өмір сүруі жолында аянбай еңбек еттім. Бүгін де сол арманым орындалып отыр. Тәуелсіздік жылдары біз дамыған елдермен терезесітен, бәсекеге қабілетті жаңа буын тәрбиеледік», — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Расында, «Дарын» сыйлығымен дараланған қос жерлесіміз осал емес. Өзбiрi түрлi байқауларда топ жарып, ел алдында жүр. Республика көлемінде аймақ арқылы арттырып, туған жердің атын шығаруды мақсат еткен. Мәселен, Ғалымжан Кеңшілік облыс жастары арасында белсенді өмір-салтын насихаттап, тың идеяның қозғаушы күшіне айналып келеді. ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесте, «Қазақстан КВН одағында» жоба менеджері қызметін атқарды.

«7 арна» телеарнасында «Күнбастар», «Саясатта» телеарнасында «Бүгін жеңсенің» бағдарламаларының жүргізушісі, «Аялаған Астана» жобасының редакторы болды. Сондай-ақ «Хабар 24» телеарнасында жүргізуші қызметін атқарды. Бүгінде «Qazaqstan» РТРК-АҚ-да «Tafsholpan» бағдарламасының жүргізушісі ретінде халыққа жақын таныс. Ал «Классикалық музыка» номинациясы бойынша үздік деп танылған Алтынбек Әбділда қазақ өнерін әлемге әйгілеп жүрген сарнақ. Ол Қазақ оркестрі, симфониялық оркестрмен Қазақстанда ғана емес, әлем аралап өнер көрсетіп келеді. Бұған дейін Туркия, Ресей, Словакия, Венгрия, Аустрия сахналарында тағампаз жұртты талантпен тәнті еткені мәлім. Сондай-ақ музыкант өткен жылы

Н.Назарбаев қоры мен Елбасы академиясы ұйымдастырған «Елбасы медалі» ұлттық жобасында жеңіске жетсе, кейін ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы сыйлығының иегері атанды. Оған қоса республикалық ЖОО студенттерінің арасында өткен «Үздік студент-2018» байқауы, Д.Қонаев атындағы орден және «Абай Құнанбаев» атындағы медал иеленген.

Алтынбек Әбділда кәсіби қабілет сына түскен додаларда да үздік атанып келеді. Мысалы, ХХІ халықаралық «Роман-сиада», I халықаралық Ж.Рахимова атындағы вокалистер конкурсының жеңімпазы. Сондай-ақ ҚР Халық әртісі, Н.Шәріпова атындағы республикалық вокалистер байқауы мен ҚР Халық әртістері, ағайынды Абдуллиндер атындағы I республикалық сайыста үздік атанды. Шығармашылық дағдысын өсіру мақсатында көптеген білікті мамандардан тәлім алып, әнішілік қабілетін шыңдауға мүмкіндік туды. Осы мақсатпен Милан университетінің профессоры, режиссері және «Giaco-sadilvean» театрының көркемдік жетекшісі Paolo Bosio-ның «Опералық драматургия: тарихы мен ерекшелігі», «Giuseppe Verdi-дің опералық кейіпкерлерін болмысы» атты шеберлік сыныбына қатысқан. Бүгінде таланты азамат Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік академиялық филармониясының жеке солисі болып қызмет атқарады.

Елорда төрінде еңбек етіп жүрген жерлестеріміздің шығармашылық белсенділігін бір парасы осыған саяды. Өз ісінің үздігі атанған жастардың шығармашылық әлеуеті, рухани болмысы нағыз дарынның қуатын сездіргендей. Сол себепті қос сырбөйілік таланттың апар асуы әлі алда екені сөзсіз.

Өсемгүл Ермаулет
каратэ шито-
рюден балалар,
жасөспірімдер,
жастар және
ересектер арасында
ұйымдастырылған
бәсекеде ҚР
чемпионы атанды.
Осымен Қазақстан
чемпионатының 7
дүркін жеңімпазы
атанған
сырбөйілік
спортшымен
тілдесіп, жарыстан
кейінгі көңіл-күйін
білуге асықтық.

Өсемгүл ЕРДӘУЛЕТ, каратэ шито-рюден
Қазақстан чемпионатының 7 дүркін жеңімпазы:

«ОБЫСТА КАРАТЭ-ДО ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ДАМЫП КЕЛЕДІ»

Ел чемпионатында алғаш рет 55 келі салмақта бақ сынаған Өсемгүл Қырым ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенті. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Өлем чемпионатының алтын медалі және өлем кубогының иегері Өсемгүл кезекті жарыстан да тартысты еткенін айтады.

Қазақстанның тағы бір шыңын бағындырғанға мың құаныштымын. Жарыс өте тартысты етті, еліміздің барлық өңірін мықты спортшылар қатысты. Финалда Маңғыстау қаласының спортшысымен кездесу өткізіп, 6-1 есебімен жеңіске жеттім. Бұл бәсекеге дайындық жоғары деңгейде болды, осы орайда өзіміздің жаттықтырушыларыма алғыс айтамын, — дейді Өсемгүл.

Бір қызығы, Өсемгүлді бұл спорт түріне ата-әкесі алып келген екен. Ол кезде қарадай қыз небәрі 8 жаста болатын.

— Бала болғандықтан бастапқыда жаттығу алаңы жай ғойнап келіп жүретінім. Кейіннен 12 жасдан бастап аға буынның жеңіске жетіп, әнұранды шығарып жүргенін көре бастадым. Мен де сол спортшылар секілді елдің намысын қорғайын келдім және сол нәтижеге қол жеткіздім. Қазіргі таңда ел арасында осы спорт түрі жақсы дамып келеді. Өткен жылы Токио олимпиадасына осы спорт түрі қосылғанын, алғаш рет елімізден 5 спортшыға жолдама берілгенін білесіздер. Соның ішінде Сыр өңірінен Мөлдір Жаңбырбай ел намысын қорғады. Оның өзі бізге үлкен құлшыныс сыйлады. Жалпы Қазақстан бойынша Қызылорда облысы каратэ-до спорт түрінен жоғары деңгейде, — дейді ол.

Өсемгүлмен әңгімелесе отырып, жарыстың басты қарсылас кім екенін де сұраған едік. Алайда қазақ елін әлемге танытуда мақсат еткен жүректі қыз барлық спортшының мықты екенін алға тартты.

Жарыс кезінде қарсыласың қандай әдіс қолданатынын білмейсіз. Сондықтан кей сәттерде ұяй өткізіп алатын кездер болады. Сол үшін біз әр қарсыласын шыңдаған жеңелі дайындықпен, бақердің айтуымен тәуекел етеміз, — дейді Ө.Ермаулет.

Б.ШАҒЫРОВ

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Ұстаз қашанда білім берудегі дағдыны дамытып, шәкіртпен жұмыс тәжірибесін толықтыруы тиіс. Аталған мақсатты берік ұстанған аймақтың бас ұстазы Ақзира Қасымова да бір сәт шәкіртке білім беруді шет қалдырмады. Облыстық білім басқармасының басшысы оқушылармен 45 минутын өткізіп, шәкірт тілегін орындады.

Серәлі Лапин атындағы №261 мектептің 10-сынып оқушыларының арнайы ұсынысымен «Физика» пәнінен сабақ өткізген аймақтың бас ұстазы жаңа тақырыптың тәсілдермен түсіндірді.

Физика сабағының тақырыбы – «Изопроцестер. Изопроцестердің графикалары. Дәлелденген изопроцестердің графикалық тәсілмен сипаттай отырып, тәуелділікті анықтау мазмұнына сәйкес дайындалған. Сонымен қоса тақырыпты ашу мақсатында микроскопиялық параметрлердің байланыстарын көрсету үшін тәжірибе жұмысы да жасалды.

Оқушылар жеке, топтық бағытта жұмыс жасап, тапсырмаларды жылдам орындау бойынша шындалды. Топтық жұмыста изопроцестердің графикаларын рV, рТ, VT параметрлері бойынша салуға тапсырма беріліп, «Семантикалық карта» арқылы жеке жұмыс жүргізілді. Сабақ соңында оқушылармен «SWOT»

Шәкіртпен өткен 45 минут

талдау арқылы кері байланыс жасалды. «Осыдан бірнеше ай бұрын аталған мектептің оқушылары дәріс беруді сұрап, ұсыныстарын білдірген болатын. Шәкірттердің тілегін орындаудың сәті түсіп, бүгін ынталы оқушылардың ортасына келіп сабақ бердім. 6 жылғы үзілістен соң өткізіліп отырған бұл сабағында балаларға барынша жаңа тақырыптың тәсілдермен түсіндіруге, ҰБТ кезеңінде есептерді шығаруда жаңаша

ойлануға бағыт-бағдар бердім. Ұстаздық еткен күндерімді еске алып, оқушылармен емің-еркін топтық тапсырмаларды бірге орындадық», – деді басқарма басшысы Ақзира Бақтыбайқызы. Ұстаз сабақ барысында оқушылардың оқулықтағы нақа емес, ҰБТ-де кездесетін нұсқасын атап өтіп, тапсырманы шешу бойынша кеңескен белісті. Оқушылар түрлі сауалдарын қойып,

АҚЫН АРДАҚТАЛҒАН КҮН

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы аясында облыстық жастар ресурстық орталығында Тәуелсіздіктің төл құрдасы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Әли Мүсілімов атындағы №101 мектептің мұғалімі Мәдір Айтбайдың шығармашылық көші өтті.

Жылда ақын өлеңдері оқылып, келушілер оқырманмен еркін пікір алмасты. Кеште М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «AS-SORTI» студенттер театры өнер көрсетіп, қаламгер шығармашылығынан сыр шертті.

Оған қоса ақынның өлеңіне жазылған әндерді ҚР Мәдениет қайраткері Үміт Медеуова, облыстық филармония өрті Бекзат Молдабергенов, «Дарын» Мемлекеттік Жастар сыйлығының иегері Күнсылу Түрлен және Асхат Тарғынов, Әзімбек Байлин, Ұшқын Жамалбек секілді эстрада әншілері орындады. Сондай-ақ Хусейін Әмір-Темір, Қатияра Жәленова, Серік Ыдырысов, Айман Айтбай, Зәліпа Төлепова сынды аймақтағы зиялы қауым өкілдері қаламгер қуаты туралы ой белесті. Жұмыс барысында облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев ақынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекованың құттықтау хаты мен ықылас күлін табыс етті.



Адам өмірінде мамандық таңдаудың ролі зор. Өйткені біз таңдаған, жан-жақты саралаған салаға өмір бойы қызмет атқарамыз.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Мен де 2011 жылдан бері Қызылорда қаласындағы қылмыстық атқару жүйесінде, яғни ЗК – 169/5 түзеу мекемесінде жұмыс атқарып келемін. Өзіне, өр жұмыстың ауырталылығы, өз қиындығы бар.

Осы жолда тек еңбекқор болу керек. Не дегенмен, аумалы-төкпелі кезеңдерде бір ұқымыз есебінен жаңылдырмау маңызды. Күнде бір-бірімізді кезіктірсек те, қадірмізді біле бермейміз. Бірақ ұжым әркіміге де ыстық екенін білеміз. Менің де екінші үйімдей болып кеткен мекемеге, білмегенімді үйіріп, жетістіктерге жеткізген ұжымға ризашылығым шексіз.

Ерекше біліктілікті пен асқан зертделілікті қажет ететін есепші мамандығына өзінің бірін жүргізу дәуалы бермейтін де ешкім дауласпайды емес пе? Бізде де осындай өз ісін қимайталманы көп. Біз солардан тәлім алдық, білмегенімді түйдік. Ендігі кезекте жас мамандарды да сол жолдан жаңылдырмау – басты мақсатымыз.

А.ӘБДІРАШИТОВА,
ЗК-169/5 мекемесінің
әділет лейтенанты

Б.ШАҒЫРОВ

◀ ЕКШЕ АЛ!


БАЛАЛАРДЫҢ САУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Жалпы білім беру мектептерінің алдында оқушылардың салауатты өмір салтын бейімдеу талабы тұр. Мектеп оқушыларының денсаулық деңгейінің көрінісі көпшілік жағдайда білім ошағының жауапкершілігінде. Оқу-тәрбие жұмысын қазіргі талаптармен талалайында еткенде, жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбегіне байланысты.

Оқушылар өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға жауапты емес, немқұрайлы қарайды. Олар үшін ата-ана шешім қабылдайды. Денсаулық мәдениетінің төмендеуіне жол бермеу керек. Бүгінде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Балалардың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. Балалардың денсаулығын жақсарту тек дәрігерге немесе дәрі-дәрмекке байланысты емес. Бала денсаулығына күтім жасауда ата-ананың ролі зор.

Қазір елімізде америкалық Pfizer вакцинасы 12 жастан асқан балаларға салынады. Баланы вирустан қорғаудың жалғыз жолы – вакцинация. Адамның иммунитетін күшейту антигендермен кездесуді және олармен күресуді, қорғауды қамтамасыз етеді. Вакцина дозасындағы антигендер организмді ешқандай жолмен ауырлата алмайды және КВИ-ге қарсы арнайы иммунитетті қорғанышты өндіруге бағытталған. Бүгінгі таңда Израиль, Франция, Италия, Испания, Германия, Бразилия, Қытай, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ, Аргентина секілді көптеген дамыған елдердің білігі осы вакцинамен балаларды егуді бастады. Вакцинациялау білім беру ұйымдарының егу пункттерінде жүргізіледі, сондай-ақ ата-аналардың қалауы бойынша емханаларда вакцинациялауды жеке тәртіппен жүргізуге жол беріледі. Ресми дерек бойынша елімізде 20 381 бала вакцина алған.

Құлашша ЕРДЕСҚЫЗЫ,
№40 А.Қыраубаева атындағы орта мектеп мейіргері,
1 Мамыр ауылы



антигендер организмді ешқандай жолмен ауырлата алмайды және КВИ-ге қарсы арнайы иммунитетті қорғанышты өндіруге бағытталған. Бүгінгі таңда Израиль, Франция, Италия, Испания, Германия, Бразилия, Қытай, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ, Аргентина секілді көптеген дамыған елдердің білігі осы вакцинамен балаларды егуді бастады. Вакцинациялау білім беру ұйымдарының егу пункттерінде жүргізіледі, сондай-ақ ата-аналардың қалауы бойынша емханаларда вакцинациялауды жеке тәртіппен жүргізуге жол беріледі. Ресми дерек бойынша елімізде 20 381 бала вакцина алған.

Осындай тақырыппен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада мерекелік кеш өтті.

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН – ТӘУЕЛСІЗДІК

Шараны кітапхана басшысы Нұрлыбек Мыңжас алып, Тәуелсіздік күнінің маңызын тарқатып айтты. Бұдан бөлек, басқосуға экономика ғылымдарының кандидаты, оқытушы Қазбай Құдайбергенов, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, ақын, Ғазиза Бөбде, Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Топқын Қабылша, «Кітап құрттары» ерікті жастар ұйымының жетекшісі Талғат Меңдібай мен облыстық «Жастар ресурстар орталығы» директорының орынбасары, ақын Мақсат Дауылбай қатысты.

Спикерлер тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктерді тізбектеп өтті. Шара барысында оқырмандар назарына докменталды бейнебаян көрсетіліп, «Азаттықтың ақ таңы» атты кітап көрмесі ұсынылды.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

«Елбасы ел тұтқасын қолға алған сәттен бастап, әлем тарихында жарқын із қалдыратын қыруар іс атқарды». Бұл пікірге мен толық келісемін. Көптеген еңбектерде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекетіміздің қалыптасуы жолындағы ішкімізді істері, әсіресе, Сыр өлінін көркейіне қосқан үлесі сабақтап жазылған және оның жастарға берері мол.

Бүгінде еліміз, соның ішінде өңіріміз өрісті өркендеп келеді. Білім, мәдениет, спорт, өндіріс, көсіпкерлікте айтарлықтай даму бар. «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген сөз де қасиетті. Сырдың қазіргі заманауи келбетін айқындап тұрғандай, Бәді өңірі мақсат – әлемде белен алған іңдеттен тезірек арылып, осы қасиетті сапалы дамыла жалғастыру.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та отыз жылдыққа орай жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында бірдің тілге бір, жүрегі бір, туған жерді сую, оны қорғау туралы балалардан мұрас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, кейінгі ұрпаққа аманат етіп табыстау – бізге міндет» деген болатын. Бұл әрбірмізге ой салуы тиіс.



Гүлмира ПІРІМЖАНОВА

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КЕЗДЕСУ

Ардагерлер өнегесі жастарға тәлім-тәрбиені үйретуден жалғылған ардагерлер №189 орта мектепте өтті. Тағылымдарында қалалық білім бөлімінің төрағасы Мылтықбай Бейімбетов келісті ой, пайымды пікірін белесті. Өмір жолынан сыр шертіп, балаларға өсиетін айтты. Жастарға азық болар құш-құат сыйлады. Оқушылар да көкейіндегі сауалдарына жауап алды.

Мылтықбай Мұстафаұлы – саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған жан. 1973-1978 жылдар аралығында Қазалы ауданындағы №102, 104 орта мектептерінде ұстаздық етті. 1976 жылы білімін жетілдіріп, Сырдария ауданындағы №101 орта мектебінде мұғалім, оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне дейін көтерілген. Ал 1995-2015 жылдар аралығында Бірқазан елді мекенінде №145 орта мектебінде директор қызметін атқарды.

Бүгінде қалалық ардагер ұстаздардың қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Білім беру саласында марапаттың шыңы саналатын Ыбырай Алтынсарин төсбелісінің иегері. Білім және Ғылым Министрілігінің құрмет грамотасын да иеленген.

Айта кету керек, бұдан бөлек мектептің жетінші сынып оқушылары лиро-эпостық жырларды жаттауды қолға алған. Жаңында оқушылар махаббат симфониясы айнаған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жаттауды бастады.

Еламан АЛМАТІЛІ,
№189 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ МАҢЫЗДЫ

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұсан келтіреді, заңды қарқандарды теріске шығарып, тәсілдердің конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Қоғамда азаматтардың сыбайлас жемқорлық құқыққұзшылықтарына бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен азаматтардың білім деңгейінің, әдетімен ұстанымының төмен болуы әсер етсе керек. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарына сәйкес жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетіп түседі.

Бұл дертін алдын алып, қоғамға таралуына жол бермеу үшін барлығымыз бірігіп атсалысып, қарсы жұмылымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз анық.

Ақзия ШЕРАЛИЕВА,
қазынашылық департаменті,
бюджеттерді атқару бөлімінің басшысы

Тағылымдарында қалалық білім бөлімінің төрағасы Мылтықбай Бейімбетов келісті ой, пайымды пікірін белесті. Өмір жолынан сыр шертіп, балаларға өсиетін айтты. Жастарға азық болар құш-құат сыйлады. Оқушылар да көкейіндегі сауалдарына жауап алды.

Мылтықбай Мұстафаұлы – саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған жан. 1973-1978 жылдар аралығында Қазалы ауданындағы №102, 104 орта мектептерінде ұстаздық етті. 1976 жылы білімін жетілдіріп, Сырдария ауданындағы №101 орта мектебінде мұғалім, оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне дейін көтерілген. Ал 1995-2015 жылдар аралығында Бірқазан елді мекенінде №145 орта мектебінде директор қызметін атқарды.

Бүгінде қалалық ардагер ұстаздардың қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Білім беру саласында марапаттың шыңы саналатын Ыбырай Алтынсарин төсбелісінің иегері. Білім және Ғылым Министрілігінің құрмет грамотасын да иеленген.

Айта кету керек, бұдан бөлек мектептің жетінші сынып оқушылары лиро-эпостық жырларды жаттауды қолға алған. Жаңында оқушылар махаббат симфониясы айнаған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жаттауды бастады.

Еламан АЛМАТІЛІ,
№189 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұсан келтіреді, заңды қарқандарды теріске шығарып, тәсілдердің конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Қоғамда азаматтардың сыбайлас жемқорлық құқыққұзшылықтарына бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен азаматтардың білім деңгейінің, әдетімен ұстанымының төмен болуы әсер етсе керек. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарына сәйкес жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетіп түседі.

Бұл дертін алдын алып, қоғамға таралуына жол бермеу үшін барлығымыз бірігіп атсалысып, қарсы жұмылымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз анық.

Ақзия ШЕРАЛИЕВА,
қазынашылық департаменті,
бюджеттерді атқару бөлімінің басшысы

Деректерді парақтай отырып, «MOST Ventures»-тің басқарушы серіктесі, «Umay» бизнес клубының негізін қалаушылардың бірі әрі басқарушысы Мираат Ахметсәдіқыұтың жазбаларына тоқталдық. Оның айтуынша, болашағын технологиямен байланыстырып, технология өмірді жақсы жаққа өзгертетініне сенімді болғандар ғана венчурлық инвестицияға келеді. Себебі олар 3-5 жылдан кейінгі болашақты көреді. Бұл ретте маңыздысы басқа. Сарапшылар енді ғана инвестор болған адамға бірден венчурлық инвестициямен айналысуды ұсынбайтын көрінеді. Қиыншылық қыла беруі мүмкін. Біріншіден, венчурлық инвестиция жайлы білім керек. Екіншіден, венчурлық инвесторларға арнал ашылған клубтар бар. Сол клубтың мүшесі болып, тәжірибелі инвесторлармен бірге инвестиция жасап көру артық етпейді. Үшіншіден, өз бетінше инвестиция жасауға ниеттенген адам тәуекелді инвестиция жасап көруі қажет. Сонда жоғалтатын да аз.

«Егер өзге венчурлық инвесторлармен бірге инвестиция жасасаңыз, 100 мың доллар қаражат керек. Венчурлық клубта әр инвестор бір жобаға 10-20 мың долларға дейін салады. Осы жерде 10 мың долларды 10 жобаға көбейтсек, 100 мың доллар қаражат керек. Бұл – бір күнге емес, 1-2 жылға салынатын ақша. Сондықтан осында ақшаны инвестицияға бөле аламын деген адамдар келеді. Осы жерде тағы бір айтып кетерім, венчурлық инвестицияға келгенде кемінде 10 жобаға ақша салам деп келу керек. Ал егер ешқандай клубтарға мүше болмаймын, өз бетінше жүргіземін десеңіз, онда шамамен 500 мың доллар қалтада болуы қажет. Өйткені жобаға көбіне 50-100 мың доллар ақша сұрал келеді. Бұдан бөлек, әр адамның өзі қызығатын саласына қарай таңдауды да өткізіп, IT-стартаптарда бизнесті жүргізудің жолдары сөз өзгеше. Достарыңызбен бірге табуға және оны арттыруға бағытталды. Ал стартап жобалар пайда табуға емес, нарықты жаулап алуды мақсат етеді.

Қазір кәсібімді дамытатынын дегенге мемлекеттік бағдарламалардың көмегі жеткілікті. Қай бағытты, қай саланы қолға алам десе де, қаржылық қолдау берілетіні анық. Тіпті, қайтарымыз несиеге қол жеткізіп жатқандар көп. Жолын біліп, істі ұрышса айналыдырып әкетеуі өзінің сенім, өзгені де сендіре алсаңыз, үкімет беретін қайтарымыз қаржы бұйырады. Кәсіпті жүргізу үшін ең алдымен ынта керек. Тәуекел етіп, істі қолға алғандар жетерлік. Олар уақыт өте келе үлкен бизнестің дәмін сезінуде. Бүгін біз сырдариялық Тоғжан Қалдыбай жайлы айтуды жөн көрдік. Бір айта көтерлігі, облыста «Atameken Qyzylorda» микроқаржы ұйымы арқылы жалпы құны 8,2 млн теңгеге алғашқы екі жоба қаржыландырылған көрінеді. Соның бірі Тоғжанның кәсібін ілгерілетуге сеп болған.



Байқасаңыз, қыздардың көбі бала күтіміне байланысты үйде отырған кезде кәсіп бастауға бел бұяды. Сөйтіп іске кірісіп кетеді. Тоғжан да солай. Екі баланы ала отбасымен ақылдасып, кәсіппен айналысуға шешім қабылдайды. Ауылдық жерде бизнестің ең дамыған түрі – мал бордақылау. Жас кәсіпкердің бұл туралы азын-аулақ хабары болса да, отағасына, отбасына сеніп, істі бастауға шешім қабылдаған.

«Ауылда тұрағандықтан үйде мал ұстаймын. Оның күттімі бізге жақсы таныс. Ата-енем, жолдасыммен ақылдаса келе мал бордақылаумен айналысайық деп шештік. Ол үшін осы жазда «Бастау Бизнес» жобасын онлайн оқып, сертификат алдым», – дейді Тоғжан.

Кім болса да үйде отыра беруді ұнатпайды. Балаларының керек-жарағын алып беріп, жал-жана киімдерді кигізем дейді. Бұл үшін отағасының ғана табысы жеткіліксіз. Сондықтан

ВЕНЧУРЛЫҚ

ИНВЕСТОР ДЕГЕН КІМ?

Пайда емес кірісті өсіруге ұмтылады. Мысалы, біз білетін Uber 10 жыл бойы пайдасыз компания болған. Әр жолы кірісінен шығыны көп еді. Uber-дің мақсаты әлемнің бүкіл қаласында жұмыс істейтін такси қызметін құру болды.

Нәтижесінде ол 10 жылдан кейін пайда әкеле бастады.

Кәсіпкерлікті қаржыландырудың, қаржы салудың бірнеше жолы бар. Әлем елдерінде оның қарқынды дамыған түрі – венчурлық қаржыландыру. Ол – ғылыми өнімдерді жасауға салынатын тәуекелі жоғары қаржы инвестициясы. Бұл ретте біз «Венчурлық инвестицияға енді келген адам не істеу керек?» деген сауалға жан-жақты жауап іздеген едік.

Дәстүрлі бизнеспен салыстырсақ, мейрамхана аштың ба, 2-3 айдан кейін пайда келу керек. Сондықтан инвестиция құр алдында дәстүрлі бизнес пен стартап екеуін бөлек қарастырамыз. Стартап мақсаты – пайда табу емес, өз саласында бірінші болуға тырысу», – дейді кәсіпкер.

Сонымен қатар қазіргі уақытта венчурлық

Өмір қиындықсыз тұрмайды.

Оны жақынынан айырлған адам ғана түсінеді. Ондай жағдайда беріне қолды бір-ақ сілтейді. Гүлжазира Омарова да дәл осындай қиындықты бастан көшірді. Құдай қосқан қосағынан айырлған соң өмірге деген көзқарасы өзгерді. Дегенмен «өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген сөздің мағынасын түсініп, ұлы үшін аяққа тұрды. Өмірді қайтадан бастап, кітаптың жаңа парағын ашты. Осылайша «Тәңір сыйлаған ғұмыр» атты кітапты жарыққа шығарды.

Жас болса да еңсесін тіктеп, кәсіппен айналысып, өзінің медбикелік қызметін әрі қарай жалғастырды. Сондай-ақ ерікті жастармен тығыз байланысып, еріктілік қабілетін де сынап көреді. Бүгінде ол – ерікті, медбике, кәсіпкер.

Еңбек демалысында ауруханадан қатынап емделдім. Сол кезде тамыр талпай, қолымды үш рет үш медбикенің тесінең әлі есімде. Қасында ем қабылдап жатқан алдың «қозым, уқолы кез келген ақ халат киетін саңдыра берме, оның үстіне тамырыңды талпай жатыр» деген бар. Содан соң, медбикелерді көрсем «тамырды тез табады ма өз» деген күмән қыла береді. Мұндайда Гүлжазираның тәжірибесі мол екен. Оны фейсбук әлеуметтік желісінде толастамай жауған пікірлерден аңғаруға болады. Бұл Гүлжазираның мақамына деген махаббаты, Гиппократқа берген антының адалдығы шығар. Ол «Өркеніет» колледжіде білім алған. Бүгінде көпбейінді балалар ауруханасының физиотерапия бөлімшесінде медбике болып жұмыс істейді.

Бүгінде кіммен сөйлессең де, ұзын-сонар жетістіктерін тізбектеп беретіні бар емес пе?! Ал Гүлжазира олай жасамады. Марапаттан кенде емес. Дегенмен де науқастардың көңілінен шығып, алғысын алуды басты орынға қояды екен. Балалармен тез тіл табысып, дәрігер берген нұсқаулықпен емделуіне барынша септігін тигізеді. Мамандығы балалармен тікелей байланысты болған соң да жеке аниматор орталығын ашқан. Бүгінде мұны қосымша кәсіп ретінде дамытып отыр. Жасаратыны жоқ, аниматордың жұмысы үлкен сұранысқа ие. Баласының туған күнін аниматорсыз өткізетін ата-ана кемде-кем. Оның үстіне мейрамханада тойлауды әдетке айналдырғанын көріп жүрміз. Бір жақсысы, аниматор баланың туған күнін есте қалатындай етіп өткізіп береді. Өзі де, дос-жараны да дән риза. Гүлжазираның «Аяз ата», «Қыз қонақ» атты кинолары да жарыққа шыққан.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ерікті – Гүлжазираның екінші аты. Себебі еріктілердің арасынан қай кезде де оны кездестіретіні анық. Ол ақцияларда, қайырымдылық шараларда белсенді.

Қуантарлығы, бүгінде жастардың жан-жақтылығы, алға деген ұмтылысы мен кәсіпке деген көзқарасы өзгерген. Ешкім бір жұмыспен тұрақталып қалмайды. Армандап қана қоймай, ол арманды жүзеге асырып жатқандар қаншама.

Сондай жастарды көргенде еңсең де көтеріледі.

Мәлімді САБЫРЖАН

Ерікті, медбике, кәсіпкер

инвесторлар қай салаға көптеп ақша құятынын сараладық. Байқағанымыздай, оның қатарында жасанды интеллект, электрон коммерция, логистика сияқты сан сала бар. Бірақ соның ішінде нақты ең саланы ерекше атап өтесіз. Біріншісі – қаржы саласы. Нақтырақ айтсақ, «fintech». Ол миллиардтаған инвестиция тартып жатыр. Ал екіншісі – пандемия басталғаны бері білім беру.

Мақаланы оқи келе «инвестиция қиын жоба сәтсіз болуға істеуге болады?» деген ой мазалауы мүмкін. Егер сіз бір жобаға қаржы құйсаңыз, ал ол сәтсіз болса, ештеңе де істемейді екенсіз. Себебі сіздің ақшаңыз кетсе, стартап иесінің 5 жылдай уақыты жоғалды, таразы басы тең. Сол үшін сала маманы айтқандай, тек бір жобамен күтіп отыруға болмайды. Өзге инвесторлармен бірлік 10 жобаға қаржы салсаңыз, соның біреуі болсын сәтті шықса, қалған 9 жобаға жұмсаған ақшаңдыздың артығымен қайтарып береді. Осы орайда тағы мынадай мәселе бар. Венчурлық инвестор және бизнес першіте деген екі бөлек түсінік бар екен. Бизнес першіте – енді аяққа тұрып келе жатқан компанияларға ақша салатын адам. Ал венчурлық инвестор – венчурлық қорда жұмыс істейтін адам. Олар өзінің ақшасын емес, қор ақшасын салады. Бизнес першіте – маңдай терімен тапқан ақшасын басқа жобаға жұмсайтын адам. Ал венчурлық қор – қасиі түрде инвестициямен айналысатын компания.

Осы орайда венчурлық қорлардың өмір сүру мерзімі –7–10 жылға дейін созылатынын айту керек. Алғашқы 4-5 жыл ақшаңдызды инвестициялау кезеңі болса, қалған 3-4 жыл пайда табатын уақыт. Мираат Ахметсәдіқыұтың «MOST Ventures»компаниясы – Қазақстанда құрылған ең алғашқы осындай венчурлық қор. Бірақ мұндай қордың алдағы уақытта көбейері даусыз. Өйткені қазіргі уақытта мемлекет венчурлық қорларға салмақты алып тастаған.

«АЖ» ақпарат



Бүгінде тағам дайындаудың сан түрі бар. Қаласаңыз, есіңізге дейін дайын асты әкелетін немесе үйіңізге келіп, тамақ әзірлейтін қызметті пайдалану қолжетімді. Әсіресе, саны артқан жартылай дайын тағамдардың жұмысбасты адамдарға пайдасы орасан. Қазалылық Әйгерім Нұржігіт те осы салада кәсіп бастап, ісін дөңгелетіп отырған табысты жан. Кәсіпкер бүгінде өзінің «Келінжан» асханасында жартылай дайын тағам әзірлеу ісін қолға алып, тұтынушылардың қолдауына ие болуда.

ӘЙГЕРІМНІҢ АСХАНАСЫ

Жас кәсіпкер алдымен салалық білімін жетілдіруді арман еткен. Осы мақсатта «Бастау-Бизнес» жобасын аяқтап, кәсіпке қажетті дағдыны игеруге мүмкіндік алды. Кейін нәтижелі жұмыспен қамтууды және жалпай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде грантқа қол жеткізген. Кәсіпкер алған қаражатына пеш пен тоңазытқыш секілді құралдар сатып алып, алғашқы қадам жасай білді. Бүгінде «Келінжан» асханасының иесі 4 адамды жұмыспен қамтып отыр. Алған асханада манти, тұшпара, болгар бұрышынан пісірме секілді астан бөлек, тәтті бәліш пен дәмді торт дайындалады.

Жалпы, еңбек пен талапты тұмар еткен Әйгерім – мемлекеттік қызметші. Дегенмен, ол бұл саламен шектелмей, ұзақ жыл қосымша курстардан тәжірибе жинап, астың, тіл үйігер дәмдінің түр-түрін жасауға бейімделуге таптырған. Содан болар, жас кәсіпкер сүйікті ісін әрмен қарай дамытуға көздейді.

– Ас үйде жүріп, тағам дайындаудан жалықпаймын. Ғаламтор желісіндегі рецептермен танысып, көрген-білгенімді жүзеге асыруға талпынамын. Әсіресе, түрлі тағам, дәмді торттарды. Бірер жыл бұрын хоббиді бизнеске айналадырып жайлы ой келді. Өйткені, бұл – тынығуға септесетін керемет әдіс. Тек шабыт керек. Қазір еңбектің аярасында ойдағыны жүзеге асыруға мүмкіндік алдым. Мемлекет қолдауы да қанағаттандырды. Өнімдерді дайындап, технологиясына жіті мән беріп, сатылымға шығарамыз. Ұялы байланыстың дамыған кезеңі болғандықтан, көбіне әлеуметтік желі арқылы тапсырыс көп. Баға да қолжетімді. Ол – шағын ауданның өзіне істің көзін тауып, табысқа жетуге болады деген сөз», – дейді жас кәсіпкер.

Кейіпкердің айтуынша, шағын асханаға сұраныс жоғары. Әсіресе, мереке күндері тапсырыс саны артаынын көреді. Салпы тағамның құнын бірден аудан тұрғындары да «Келінжанға» келуін жиілеткен. Әрқыз ұмыты да сапалы қызмет көрсететін асханаға тұтынушылардың алғысы зор.

Бір қызығы, уақыт тапшылығы мен жұмысбастылықтың салдарынан тез даярланатын тағамды тұтыну арты. Бұл орайда зерттеушілер қарқынды қатары технологиясынан өткен тағамдардың бойында барлық қасиет пен дәрумен сақталатынын айтып, тұтынуға кеңес береді. Оны арнайы өрітіп, күтіп отырудан қажеті жоқ, сыртқындағы нұсқаулық бойынша қуырып немесе аяқтайып, бірден пісіре беруге болады. Сондықтан тұтынушы талыбын дөп басқан Әйгерімнің кәсібі табысты болуда.

Б.ШАҒЫРОВ



болады. Бірақ кәсіби маман ретінде өзіңіз бұл тақырыпты жүйелеп түсіндіріп беріңізші. GDE болу үшін не істеу керек? Kottin-нің жаңа мүмкіндіктері қандай?

— Google — үлкен компания, осында шығарылған трендтер бойынша адамдар жұмыс істейді. Google өзінің технологияларын адамдар көбірек пайдаланса деген

атағы беріледі. Оны алу оңай емес, ол үшін қандай мәтін, бейнежазба дайындағаныңызды дәлелдеу қажет. Бұл атақты алудың бір артықшылығы, сіз GDE болсаңыз, компания сізге көп қолдау көрсетеді. Осы жылы мамыр айында мен Kottin арқылы GDE болдым. Мен Қазақстаннан GDE болып көп адамның шыққанын қалаймын. Ол үшін тек мәтін жазсаңыз, тіпті мәтінді қазақ тілінде дайындауға да болады. Өзім GDE болғысы келетін қазақ жастарына ментор болуға

бөлеміз. Өйткені қазы асу үлкен жиын ғой...

— Алғаш сіздің есіміңізді естігенде ерекше есінде болғаным рас. Қазір жиі кездесе бермейтіндіктен болар, нағыз қазақтың қызын елестеттім. Есіміңіздің тарихына да тоқталып өтіңізші. Жалпы сіздің шетелде қызмет етуіңізге отбасыңыздың көзқарасы қандай? Әдетте қазақ отбасы қыз баланың сыртта жүргенін қарсылық танытып жатады ғой...

Қырымзы ҚАЛИЕВА,
Google Developer Expert, Сингапурдағы Zuhlke компаниясының қызметкері:



ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНА МЕНТОР БОЛУҒА ДАҒЫНМЫН

— Қырымзы, сізбен тілдесудің сәтті түскеніне өте қуаныштымын. Өңгімеімізді бастамас бұрын сізбен оқырмандардың да жақын таныс болғаны дұрыс секілді. Сіз өскен орта, білім беру орны бізге шынымен қызық. Қазақ қызының IT саласына қадам басуы қалай басталды?

— 2009 жылы Алматыдағы физика-математика бағытындағы №173 мектепті бітірген кезде IT саласы жайлы мүлде білмейтін едім. Университетке жай ғана оқу гранты үшін құжат тапсырағым. Осылайша IT саласына ойламаған жерден келдім десем болады. Ал қазір Android әзірлеушімін, яғни әлемдік банктерге қосымша бағдарламалар жасаймын. Бір ғана емес, бірнеше елдегі банктерге қызмет көрсетеміз.

— Қазір жұмыс істеп жүрген Zuhlke компаниясының өзге жұмыс орындарынан артықшылығы қандай? Жұмыс барысы қиын емес пе? Өріптестеріңіздің арасында қандастарымызды көріп тұрасыз ба? Жалпы осындай жаңа ортада тәжірибе алмасу үшін жастар нені білу керек?

— Zuhlke компаниясының бірінші артықшылығы — 50 жылға созылған тарихында. Екінші артықшылығы, компания бір ғана өнім шығармайды, сондықтан бізге көптеген тұтынушы мәселелер келеді. Мұның өзі қызықты жобалармен айналысуға мүмкіндік береді. Мысалы, біз қазір банк жүйесінің жұмыстарын бітірсе, келесі жолы Сингапурдың тағы бір жобасы бар. Осылайша 2-3 жылда бір жобаны аяқтаймыз да, мүлдем жаңа жобаны қолға аламыз. Компанияда жұмыс істеу қиын емес. Бұл жерде адамдардың ішкі мәдениеті маңызды. Бізге әртүрлі елдің азаматтары келеді. Олардың тілі, діні бір-біріне ұқсамауы мүмкін. Қазақстанда адамдардың менталитеті бір-біріне сәйкес келеді ғой. Ал мұнда басқаша. Сингапурда Zuhlke-ге орналасқан алғашқы қазақстандық мен болдым. Ал қазір мұнда қазақстандық үш адам жұмыс істейміз. Түгән жерден шетте жүрген соң бір-бірімізбен жақын араласамыз, бірақ қазір карантин уақыты болған соң жиі көрісе бермейміз.

Жастар жаңа ортада жұмыс істеу үшін ең алдымен тіл білу керек. Өрине, ана тілінді құрметтеу қажет, бірақ тіл ең алдымен білім алу үшін маңызды екенін түсінген дұрыс. Қазіргі заманда ғылым тілі ағылшын екенін білесіздер. Сондықтан жаңа технология туралы ақпарат ғаламторға ағылшынша шығады. Кейін барлық орыс тіліне, содан соң қазақ тіліне аударылады. Бірақ аударманы күтіп жүргенде адамның қандай уақыты зая кетуі мүмкін. Бұл бағдарламашы үшін ұзақ уақыт. Өйткені әр жарты жыл сайын технологияға жанарту жасалады. Жаңалықтарға ілесу үшін қадамыз ағылшын тілінен бастаған дұрыс.

— GDE, Kottin терминдері жайлы ғаламтордан да көп ақпарат табуға



мақсатты көздейді. Сол үшін әр түрлі елде өзінің әлеуметтік ұйымдарын орналастырған. Мысалы, біздің елде мұндай орталықтар Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында орналасқан. Ол жердегі адамдар компанияда жұмыс істемейді және мұнда үнемі белсенді бағдарламашылар жиналады. Компания оларды қаржыландырады және жылына екі-үш рет орталықта конференция өткізеді. Конференцияда компания технологияларын қолданған адамдар өз тәжірибесімен бөліседі. Сондай тәжірибелі адамдарға Google Developer Expert

дайынмын. Маған әлеуметтік желіде хабар берсе, толығырақ түсіндіріп беремін. Ал Kottin — жаңа бағдарламалау тілі. Қазір Java жүйесі Kottin-ге ауыстырылуда.

Өйткені Java-да көп нәрсе ескірген. Бірақ екі бағдарламаны «мынау жақсы, мынау жаман» деп салыстыруға болмайды. Әр бағдарламалау тілінің өз схемасы бар.

— Қазір Сингапурда тұрасыз, бұл қала сізге қандай мүмкіндік ұсынууда? Неге осы қаланы таңдадыңыз дегенім ғой. Алғаш өзге мемлекетке барған сәтінізді еске түсірейікші, жаңа ортаға қалай үйреністіңіз? Ол жақта досыңыз көп пе? Қызықты оқиғалармен бөлісе отырсаңыз...

— Сингапурда Азиядағы IT орталығы деп айтсақ болады. Барлық үлкен компаниялардың (Apple, Google, Facebook) кеңсесі осында орналасқан. Сосын компанияның төртбі қатты ұнады. Өйткені Сингапур әлемдегі қауіпсіз елдің бірі. Оны қалаға келгенде түсінесіз, мұнда өшім қорыс тастамайды, адамдар кезекте тұрғанда бір-біріне еш қолгері келтірмейді. Жұмыс ритмі де ұнады, мұнда IT стартаптар тез ашылады.

Шетелден алғаш рет Малайзияға бардым. Осында оқуға түскен соң көшіп баруым қажет болды. Өрине, бастапқыда үйренісу қиын болды, бір-екі ай үйге қайтып келіп, көңілсіз жүрдім. Бірақ сабыр сақтап, «ел көрім керек, оқуымды аяқтауым керек» деп жұмыс іздей бастадым. Осылайша тіл үйрендім. Малайзия мен Сингапур — көрші мемлекет. Ол жердегі достарымның көбі Еуропаға көшті. Менде «неге жалақысы жоғары елге көшпеске?» деп Сингапурға қоныс аудардым.

Қызық оқиға деуге келмейтін шығар, бірақ біз қазы асып, манти түйетін кезде жақын достармен таңертеңнен кешке дейін бір жерге жиналамыз. Бәрімізде қазы болса, алдын ала жоспар құрып, «мына қазыны жаңа жылда жейміз», «мына қазыны Наурыз мерекесінде жейміз» деп

— Менің әкем қырық жыл бойы қазақ тілінің мұғалімі болып қызмет етті. Сол кісінің Қырымзы деген құрбысы болған. Әкемнің айтуынша, жақсы адам болған деседі. Сол кісіге ұқсасын деген ниетпен атымды Қырымзы атапты. Өзімнің есімім өзіме де қатты ұнады. Бірақ ағылшын тілінде адамдар айтуға қиналады. Алайда мен дұрыстап айтыңыз деп өскерткенім, солай шетелдіктер де қатесіз айтуға үйренді.

Бұл жақта жолдасыммен бірге тұрамын, екеуіміз бірге жұмыс істейміз. Үйдегілер «жассыңдар, жұмыс істей беріңдер» деп қолдайды. Бізді, әрине, қатты сағынады. Бірақ XVII ғасырда музыканттар Австрияға барды. Өйткені Австрия музыканттардың қаласы еді. Оған дейін өнер адамдары Флоренцияға баратын. Қазір IT мамандар Сан-Францискоға, ал оған бара алмайтындар Азияға барады. Ол дегеніңіз Сингапур ғой... (күліп)

— Қазір жастар арасында психология тақырыбы тренде тұр. Үлкен де, кіші де өмірден бір құндылық іздеп жүргендей көрінеді. Бұл барлық елге тән сипат па? Сіз сапалы өмір сүру дегенді қалай түсінесіз? Сіз үшін ең үлкен құндылық қайсы?

— Менің ойымша, бұл барлық елге тән сипат, бірақ ол Қазақстанға жаңадан келген тренд деп ойлаймын. Мысалы, Сингапур, Малайзияда әр отбасының өз құндылығы бар. Сапалы өмір сүру дегенді мен де ойлаймын. Ол ақша ма, жақсы достар ма, жұмыс па, әлде отбасы ма? Бірде жақсы диаграмманы көзім шалды. Диаграмма өмірдегі бірнеше бөлімге — денсаулық, достар, жұмыс, отбасы деп бөлінеді. Әр бөлімді 1-10-ға дейінгі сандармен бағалау керек. Барлығы бірдей деңгейде жоғары болса, ол дұрыс, яғни сіз өміріңіздің барлық бағытында бақыттысыз. Ал жұмысқа берілген баға 10 болып, денсаулық 0-ге түсіп кетсе, достарыңыз жоқ болса, сіз қай бағытыңызды жақсартуды ойлайсыз. Осылайша әр адам өмір сапасын бақылай алады. Кейде адамдар байып кетсем, бақытты боламын деп ойлайды. Алайда денсаулық немесе жақсы ортаң болмаса, өмірді сезіну қиын.

— Елді сағынасыз ба, Қазақстанға жиі келіп тұрасыз ба? Алдағы уақытта елге қайта оралу ойыңызда бар ма? Келген жағдайда қандай жаңа бастамаларды қолға алар едіңіз? Қазақстанда IT саласы бойынша кімдермен байланысып тұрасыз?

— Иә, мен Қазақстанға жылына бір-екі рет келіп тұратынмын, бірақ коронавирус басталғалы бармағаным екі жыл болды. Қатты сағынамын. Дәл қазір елге қайтамын деген ой жоқ, өйткені мұнда үйренетін тақырып өте көп. Елге оралған жағдайда ең бірінші ағылшын тілін үйрететін орта болса, бағдарламалауды қалай бастау керекін ойланпай жүрмін. Одан бөлек Kottin жайлы курс жазғым келіп жүр. Оның үлкен жұмыс екенін енді түсіндім. Шынымы айтсам, IT саласы бойынша ел арасында өшіммен байланысым жоқ. Көбіне фейсбук парақшадан, сайттардан ел жаңалықтарын оқып отырамын.

— Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Өңгімелескен:
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Auto-ru компаниясы батыс еуропадан көлік тасымалдауға қызметті іске қосқанына 3 жыл болған. Компанияның негізін қалаушы Айдос Жүнісов шетелдік автокөліктерді тасымалдауда қиындықтар барын алға тартты.

— Бүгінде елімізге Армения, Грузия, Ресей, Қырғызстан секілді 3-4 елден ғана көліктер тасымалданып жатыр. Қазір Грузиядан Қазақстанға жылы жаңа, тартымды дизайнмен Toyota-ның соңғы үлгілерін тасымалдап жүріміз. Өйткені Toyota-ға сұраныс өте көп. Армения мен Ресейден де бір кездері алып келдік. Бірақ бір кездерігі, аталған екі мемлекеттің автокөліктерін заң аясында қазақстандық нөмірлерге рәсімдей алмаймыз. Еліміз көлік бағасы бойынша алдыңғы қатарда. Бірнеше мемлекетте болдық. Бір ғана мысал, Грузияда көлік бағасы Қазақстанға қарағанда 50 тіпті 70 пайызға арзан. Қалтаға қонымыз болған соң, ол жақтағы халықтың дені жаңа көліктерді тізгінейді. Еліміздегідей тозығы жеткен автокөліктер Грузияда жоқтың қасы. Біздің елде не себепті тұлпардың бағасы қымбат екенін түсіндіріп кетейін. Мысалы, шамамен келтірейін. Kia Morning маркалы көліктің 2018 жылғы, бар-жоғы 11000 шақырым «шапқан» шағын тұлпарды 5000\$ алдық (біздің бағамен 2 110 000 тт), жөнелту құны 1700\$ (17 000 теңге), жиыны Алматыға 8500\$ (3 587 000 тт) келіп тұқтайды. Қызықтың бәрі елге келген соң басталады. Майда-шұйде шығындары есте қалмайды, бастыларына тоқталайын. Келген бойда 710 000 тт кедендік алым үшін брокерге береміз, ол көлікті рәсімдеп береді. Еуро 5 стандартына сәйкес келетін дәлелдейтін сәйкестік сертификат алу қажет. Оған жаңылыспам, 200 000 теңге шығындау қажет. Енді ХҚКО-ға барып, нөмір алу үшін «үтілсөбор» төлеу керек. Қозғалтқыш көлемі 1

литрден аспайтын жап-жаңа көлігі үшін 438 000 тт «үтілизациялық алым» төлеуге мәжбүр боламыз. Одан кейін көлік тіркеуге кірісу қажет. Жаңа көлікке қосымша 71000 теңге төлеп, нөмір мен техпаспортқа мемлекеттік алым (12000 тт) тағы төлейсіз. Сонда 2 110 000 теңгеге келген кішкентай көлікті Қазақстанда рәсімдеу үшін тағы қосымша 1 477 000 тт төлейсіз. Оның 797 000 теңгесі кеден,

(22 680 теңге), Жапонияда — 100-200 доллар (42 200- 84 400 теңге аралығы), Ұлыбританияда — 80 еуро (40 320 теңге), Германияда — 100 еуро (50 400 теңге). Біздің елде 400 000 — 5 500 000 теңге дейін барады. Көліктің құбы көбейген сайын төленетін жарнасы да соған сай ұлғая береді. Қараша айында ресейлік нөмірмен жүрген жүргізушілер көліктерінен әп-сәтте айырылып қала жаздады. Қазақстанға

тұлпарды сатып алуға қалтасы көтермейтінін, сол себепті жылжымалы мүлікті сырттан алуға тура келетінін айтады. — Ресей мен Арменияны мысалға алайық. Былай қарасақ, аталған елдерде сатылатын көлік Қазақстанда да бар. Бірақ бағасында айтарлықтай айырмашылық байқалады. Мәселен, қазақстандықтар арасында сұранысқа ие 2007-2008 жылғы көлемі 2,5 литрлік Toyota

сатып аламыз. Мысалы, қарапайым халық 700 мың теңгеге жүріске жарамды көлік сатып ала алмайды. Сол себепті Ресей нөміріндегі тұлпарды алуға мәжбүрміз. Жаңа заңды бейтәттіні бар шекарадан не үшін ресейлік көліктерді кіргізді екен? Еселен мәселе бойынша жол патрульдік полициясына хабарластық. Заң тұрғысында мамандар былай жауап қатты.

керек. Ресейде тіркелген машинаға заңды түрде иелік ету үшін мына құжаттар керек:

- сатып алу/сату келісімшарты;
- көлік иесінің жарамды сенімхаты;
- көлік құралының техникалық жағдайына тексеру актісі.

Ал ресейлік нөмір тақуа көлік қандай жағдайда елімізде жүре алмайды:

- РФ МЖК (ГИБДД) есептен шығарған;
- Ресейде пайдалануға тыйым салынған: қозғалуына тыйым салынған, ұрланған, іздеуде жүрген.

Машина есептен алынған болса не істеу керек?

Еселен алынған көлік Қазақстанда тіркелуге тиіс. Оған қойылатын талаптар:

- рәлі сол жақта;
- Еуро-4 стандартына сай;
- ABS жүйесі бар;
- жүргізушінің қауіпсіздік жастығы орнатылған;
- балалар орындығын орнатуға арналған ISOFIX жүйесі бар;
- күндізгі жарық шамдары болуы тиіс.

Ресейден әкелінген көлікті кедендік тіркеуден өткізу қажет емес, бірақ Қазақстанда еселке қою үшін утилизациялық алым мен бастапқы тіркеу сомасын төлеуге тура келеді. Ресейде пайдалануға тыйым салынған көліктерге қатысты әрбір істі Қазақстан полициясы жеке-жеке қарастырады.

ҚР ІІМ ресейлік нөмір таққан көлік иелеріне тіпті тіркеу мен құжаттауда еш мәселе жоқ машиналар да біздің елде бір жылға дейін ғана жүре алатынын ескертті. Бір жылдан кейін көлікті кемінде бір айға елден шығару керек, содан кейін Қазақстанда жүргізуін жалғастыра алады.

Расында елімізде көлік бағасы аспандап тұр. Шетелдік нарықта темір тұлпардың құны біздің елден арзан екенін сарапшылардан білдік. Дегенмен елге кіргізуде жөнісз өтемақтар бағаны шарқырттауда. Ал ресейлік нөмірдегі көліктердің болашағы бұлыңғыр...

Ерасыл ШӘРІЕК



Шетелден келетін көліктердің саны елімізде едәуір артқан. Быыл елімізге 744,6 млн долларға 50 мыңға жуық жеңіл автокөлік импортталған. Өкелінген автокөліктер саны бытырғы жылымен салыстырғанда 18,3% бағасы 20,2% өскен. Сырттан келген көліктердің басым бөлігі Ресей, Армения және Грузияға тиесілі. Дегенмен соңғы күндері шетелден тасымалданатын тұлпарды тізгіңдеу күрделі мәселеге айналады. Шекара асып, жылы жаңа көліктерді алуға бола ма, қандай кедерілдер барын тарқатып көрсек.

қаржы министрлігі секілді мемлекеттік органдарға төленген қаражат болса, қалған 680 000 теңгесі мемлекет қолдан лобби жасап отырған жеке компаниялардың есебіне кететін қаражат. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, елімізге кіргізу үшін құжат рәсімдеуге бір көліктің бағасы кетеді.

Көлік сатумен айналысқандықтан, көбіне Еуропадағы мемлекеттердің жүйесін қараймын. Мысалы, Нидерландыда — 45 еуро

көрші Ресейден 280 мың көлік кіргізілсе, соның 88 мыңы тіркеуде жоқ. Тіркеуде болмаған тұлпарлар айыптураққа қамауға алу тәртібі енгізілді. Хош, сонымен жаңа тәртіптің енгізілуіне автокөлік иелері неге қарсы? Мұны өздерінен сұрап көруді жөн санадық.

10 жылдық жүргізушілік тәжірибесі бар Қаныш Алданыштың пікірінше, барлық мәселе баға мен сапада болса керек. Ол барлық азаматтардың бірдей Қазақстанда жинақталатын темір

Samru елімізде 4,8 — 6,2 млн теңге шамасында сатылады. Ал жоғарыдағы елдерде әрі кетсе 2 — 3,5 млн теңгеге табуға болады. Жасыратыны жоқ, шығарылған жылы есі болғанымен сапасы бізде жинақталатын жаңа көліктерден әлдеқайда жақсы. Қазақстанда құрастырылатын көліктердің бағасы тым қымбат және өзінің құнына татымайды. Жеңілдіктер қарастырылмаған. Сондықтан амалымыз болмай, қалтаға қонымды ресейлік автокөліктерді

Шетелдік оның ішінде мәселеге айналған ресейлік нөмірдегі көліктер мына құжаттармен еркін жүре алады.

- РФ МЖК-і-да (ГИБДД) тіркелген;
- Қазақстанда сақтандырылған;
- Ресейлік жарамды теңайау картасы бар.

Ресейде тіркелген көлікті мемлекеттік автономиялық сыйтан тексеруге болады, ол үшін көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірін немесе VIN-кодын енгізу

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТЫҢ САНЫ ҚАНША?



Расында, NEET санатындағы жастар саны басым болуы экономикаға ғана емес, әлеуметтік аухалдың да нашарлауына әкелетіні анық. Мамандар оқуға, еңбектенуге, ізденуге құлшыс, белсенділігі аса төмен азаматтардың құлшысынын оятып, бейімдеуді мемлекеттің басты міндеті санайды. Себебі жауапкершілікті мойнына алып, белсенді өмір сүруге ниеті жоқ жастар елдің келешек дамуын тұрлатып, көптеген салада көрсеткіштің көңкелуіне әкелуі ықтимал. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев NEET жастар статистикасын жылына кем дегенде 1 процентке азайтуды тапсырған болатын. Ал биыл бұл көрсеткішті 6 процентке төмендетуді міндеттеген-тұғын.

Жалпы, оқумен, жұмыспен қамтылмаған жастардың жеті түрі бар. Бірінші топтағылардың білімі мен тәжірибесі бар, бірақ ынтасы жоқ. Екінші топқа жалғызбасты аналар мен бала күтімімен отырған әйелдер кіреді. Оған қоса ерте жастан ана атанған арпаларды да осы топқа жатқызамыз. Фрилансерлер болса үшінші топқа, ауыл жастары төртінші топқа жатады. Ауыл жастарының білімі мен тәжірибесі жоқ, сондықтан қара жұмысқа тартылатыны анық. Денсаулығына байланысты жұмысқа орналаса алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандарды да NEET категориясына топтаймыз. Алтыншы топқа оқуын жалғастыруға ниеті бар, алайда мүмкіндігі жоқ мектеп

түлектері мен әлеуметтік жағдайы нашар отбасы жастары кіреді. Ал жетінші топта есірткі мен ішімдікке тәуелді, бұрын түрмеде отырған бейімдеу мен оңалтудан өтіп жатқан жастар жинақталған.

Мұндай жіктемеден ұғаратынымыз, әр топқа жеке жоспар мен шешім қажет. Біріне оқу ісін жолға қою қажет болса, енді бірінші ішімдікке тәуелдіктен арылу шарасы керек. Сондықтан жастарды қолдау мақсатында жүзеге асатын бағдарламаларда NEET санаты үнемі назарда. Нәтижесінде қазіргі таңда NEET жастарды қолдау 6 бағыт бойынша жүргізілуде. Кәсіптік бағдарлау, кәсіби оқыту, жұмыспен қамтуға қамтамасыз ету, жастар кәсіпкерлігін дамыту,

жастарды әлеуметтендіру мен ұйымдастыру-әдістемелік шаралар. Мысалы, «Дипломмен — ауылға!», «Серпін», «Баршаға бірдей тегін техникалық және кәсіптік білім беру», «Жас кәсіпкер» бағдарламалары — осы бағыттағы нақты қадамның жемісі.

«Алғашқы жұмыс орным» бағдарламасы да осы категориядағы тұлғаларға арналған. Олар айына 20 АЕК, дәлірек айтсақ 58 мың теңге жалақы алады. Өртүрлі салықты ұстағаннан кейін есепшотына 48 мың теңге түседі. Оған қоса, жұмыс беруші тарапынан да айлық алуы мүмкін. Биыл жүзеге асқан бағдарламаға қатысуға құжаттарды офлайн-онлайн нұсқадай тапсыруға мүмкіндік туған еді.

Сондай-ақ жергілікті әкімдіктер мен оқу орындары жұмыссыз жастарға ақысыз «ағылшын тілі», «жол қозғалысы ережелерін үйрену», «компьютерлік сауаттылық» (SMM) курсында білім беруді жүргізіп келеді. Тіпті, фитнес, музыка, би үйрену курстарына баруға баруға да мүмкіндік мол.

Алайда аталған бағдарламалардан жүйелі өзгеріске жол алған жастардың саны әртүрлі емес. Себебі «Серпінмен» оқуға түскен студенттің басым бөлігі 4 жылдан кейін ауылына қайта оралып жатыр. Ал «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасымен дәрігер мен мұғалім мамандығын бітірген жастардан басқасы елді мекенге келуге құлшыс. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың жастар арасында кеңінен насихатталуы, түсіндірме жұмысын жүргізуі кемшін түсін

жатқаны да жасырын емес. Содан болар, түрлі жобадан қалыс қалған жастар көмекке мұқтаж күйге түсуде.

«Бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі мәселе — NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдістерін әзірлеу. Бұл — білімі бар, бірақ әртүрлі себеппен жұмысқа тұрмаған жастар. Олармен жұмыс істеуде біз өзіміз үшін негізгі бағыттарды да айқындап алдық. Сол бағыттардың ішінде NEET санатындағы жастармен жұмыс жөніндегі республикалық жобалық кәсіпкер, өндірілген осы санаттағы жастармен жұмыс жөніндегі бөлімдерді ашу бар. Алға қойған міндеттерді қалай жүзеге асыратынымыз, жастар ресурстық орталықтарының өкілдері ұсынған жаңа әдістемелерді болашақта қалай қолдана алатынымыз маңызды. Жастар ресурстық орталықтары мамандарының ұсыныстарын білу мәселені шешуге мүмкіндік береді. Өйткені олар жастармен тікелей жастармен жұмыс істейді. Сондай-ақ бізге әріптестер ретінде аталған бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыруға Жүнісов қорының өкілдері көмектесетін болады» — деген еді «Жастар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Аян Сакошев.

Ұлттық статистика бюросы 2010 жылдан бері NEET жастар жағында статистика жүргізеді. Быыл мұндай санаттағы жастардың ең жоғары үлесі Қарағанды облысында (9,1%) тіркелген. Содан кейін Ақмола (8,9%), Қызылорда (8,1%), Маңғыстау бар.

Берен ШАҒЫРӨВ

Бүгінгі де қамқорлыққа қарай

Қазір қалауын тапсаң, жаңбыр жауады. Әлем елдері жаңа технологияны тығырықтан шығудың жолы ретінде қарастырғалы біраз жылдың жүзі болды. Жаңа Зеландия, Еуропа қос бүйірден қысқан қуаңшылықпен осылай күресіп келеді. Тіпті, қытайлықтар көлемі жағынан үш Испаниямен тең келетін «жаңбыр фабрикасы» құрылысын бастаған. Араб Әмірліктері де 50 градус ыстықта жасанды жаңбыр жаудырды. Кез келген эксперименттің тиімді тұсымен қатар ықтимал салдары бар. Ендеше бұл мәселеде сарапшылар қандай тоқтамға келді? Тың тәжірибені елімізде пайдаға асты ма?

ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

Байқағанымыздай, бүгінде жасанды жаңбыр құрғақ уақытта әріс суарып, тіпсіз жау жайласа, өрті сөндіруге сеп. Тіпті, қытай билігі бұған дейін құрғақшылықты бетін қайтару әрі астық түсімін арттыру мақсатында ел аумағының 56 процентінде ауа райын жасанды жолмен басқаруға көшетінін хабарлады. Қолға алған жобаларының мақсаты – климатты өзгерумен күресу, аймақтағы жауын-шашынның мөлшерін 10 миллиметр текше метрге дейін арттыру. Ол Қытайдағы жылдық судың шамамен 7 процентін құрайды. Осылайша қытайлықтар «бұлтты қалауына қарай пайдаланатын» ғишакты елдің қатарына енді. Жоба шеңберінде Тибет үстіртіне қатты отымен жанытын мыңдаған камера орналастырылды. Жану кезінде ауадағы су молекулалары үшін конденсат ретінде жұмыс істейтін күміс иодид шығады. Соның әсерінен қар немесе жаңбыр себелей бастайды. Бұл тәжірибені қытайлықтар 2008 жылы ел аумағында өткен Олимпиада кәрсанында табысты іске асырған. Ғалымдар 2035 жылға қарай жоба құрғақшылықтан немесе арты сепке айналатын қалың нөсердің бетін қайтаратын, өрті өшіруге септесетін, яғни табиғи апаттардың алдын алуда көмектесетін күшке ие болады деген пікірде. Бір-екі жыл бұрын Қытай билігі жобаның жүзеге асуына ықпал ететін құрал-жабдықтарға 168 млн доллар жұмсалды деген ақпарат жариялады. Тағы бір мысал, бір технология Ресейдің Якутиядағы, Иркутск

облысында және Красноярск аймағында болған орман өрті сөндіруге үлкен көмек тигізген. Біріккен Араб Әмірлігі бұл мәселеге көп көңіл бөлуде. Бұған дейін елде бұлтқа тұз шашу арқылы жасанды жаңбыр жауды, алайда бұл елдегі құрғақшылықты одан әрі қиындатты деген ақпар бар. Енді жерде Дубай электр қуатының көмегімен тұщы жаңбыр жаудыру жобасын қолға алып отыр. Құны 15 млн доллар тұратын жоба бұлттан жауын-шашын өндіруді көздейді. Арабтар химиялық қосылыстарды емес, бұлттағы электр разрядтары арқылы жаңбыр тудыруы мүмкін дрондарды пайдалануда. Нәтижесінде биыл жаздың 50 градус ыстығында әр ауданда жауын жауа бастады. Әмірліктегі «Марказ әл-Асифа» ауа райын болжау поурталы ұсынған мәліметке сай, сыңардары Дубайдағы SANAD академиясы, Ұлыбританиялық Реддинг университетінің ғалымдарымен бірге өткізеді. Сондай-ақ америкалық ғалымдар бұған дейін БАӘ жерінде бұлттың тұрақтап қалуы үшін тау жоталары қажет екенін алға тартаң болатын. Егер бұл зерттеулер шыныққа жанасса, ел башылығы жасанды тау қыраттарын тұрғызуға да қаржы бөлуге қауқарлы. Осы тәжірибелерден біздің ел қалыс емес. Биыл отандық ғалымдар БАҚ-та ел аумағында жауын-шашынды көбейтуге қатысты зерттеулерін белгісі. География Ғылымдарының докторы, профессор Александр Чередиченконың ғылыми зерттеулері негізінде

«Изменение климата Казахстана и возможности адаптации за счет доступных возобновляемых облачности» монографиясы жарияланды. Зерттеу нәтижесі бойынша елдің солтүстік өңірлерінде ғана жасанды жауын-шашын жаудыруға мүмкіндік бар, ал қалған өңірлерде бұл көрсеткіш көп көңілсіздік деген қорытынды шыққан. Өкініштісі, Аралды жасанды жауын-шашын жаудыру арқылы құтқару мүмкін емес. Бірақ бұл мәселе болмаша шешім табуы болса, Мәселеге қатысты қузырлы мекеме – «Қазгидромет» РМҚ Ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан Абеев мынадай пікір білдірген. – Жаңбырды жасау технологиялары өткен ғасырдың 40-жылдарынан бері белгілі және бүгінде әлемде жауын-шашын мөлшерін көбейту технологиясы бар. Алайда бар бұлтты қолдана отырып жауын-шашын мөлшерін ұлғайтуға болады, яғни белгілі бір аймақта жауын-шашын болатынын алдын ала білген соң, сол бұлттардың сынын арнайы технология көмегімен көбейтеді. Ал жоқ бұлтты басқа жатқан алып келе алмаймыз. Ғалымдардың зерттеу бойынша егер бар бұлтпен дұрыс жұмыс жасап, онда жауын-шашын мөлшерін 10-15 процентке арттыруға мүмкіндік көбейеді. Қазақстанға келер болсақ, елімізде оның негізі енді қаланып жатыр, – деді орталық директоры. Елдің құрғақ аймақтарында қолдан жауын жаудыруды маңғыстаулық кәсіпкерлер


ұсынған болатын. Шаруалар қуаңшылықтан мал талғажау қылар шөп таппағанда ғылымның көмегіне жүгінуі жөн деп тапты. Бұл ретте климатты өзгерту технологиялары саласындағы халықаралық жоба бастаушысы Алтай Айнабек: «Біз ауа райын басқара аламыз. Ол үшін қомақты қаржы қажет», – деп қысқа қайырды. Осылайша жаңа жоба Маңғыстауда тамыз айында қолға алынған болатын. Бұл мақсатта «Грант Қазақстан» корпоративтік қорының «Central Asian Center of Climate Change Technologies» серіктестігі мен өнімдік арасында 13 айға 3 жақты келісім жасалған. Деректерге сүйенсек, облыс аумағында қазір үш құрылғы орнатылған. Құрылықте Құрылғы құрылғы қосылғаннан кейін арада бір күн өткенде Ақтауда жауын жауды. Бұл сынық ретінде қолданылды. Аспанда бұлт болмады. Дегенмен ауа ылғалдығы жоғары болған. Жоба құны – бес млн еуро. Оның 3,8 млн еурбсы жобаны жүзеге асырушылар тарапынан салынған инвестиция болса, қаржының қалған бөлігі жергілікті демеушілер есебінен беріліп отыр. Таяқтың екінші ұшы бар. Бұған дейін Еуропа, Қытай және Үндістанда су тасқыны орын алды. Кейбір желі қолданушылары бұл оқиғаны Арабияда болған соңғы жаңбырмен байланыстырып отыр. Десе де, ғалымдар өзі оқиғаны қыстыруға негіз жоқ деп сендірді. «Қазгидромет» РМҚ Ғылыми-зерттеу орталығының

директоры Нұрлан Абеев: «Адам табиғат алдында әлсіз және табиғатқа қарсы келе алмайды. Себебі, жасанды табиғи апатты жасауға қатысты эксперименттердің соңы қайғылы болуы мүмкін. Сондықтан оған ешбір ғалым тәуекел жасай алмайды», – деді. Ресейлік ғалым, PFA корреспондент-мүшесі Ариади Тишков та табиғатпен «арпалысу» қауіпі өкенін қаперден шығармауға шақырады және ол осы жылы тақырыпқа қатысты арнайы мақаласын да жариялады. – БАҚ беттерінде БАӘ ғалымдары бұлттарға электр разрядтарын жіберетін дрондармен жаңбырды жасау технологиясын сынап көрді деп хабарланды. Ресейде де жасанды жауын-шашын бойынша зерттеу ұзақ уақыт бойы жалғасуда және ол құрғақ аймақтар үшін маңызды өзеніне дәу жет. Бірақ елдің орталық аймағында жасанды жаңбырға қатысты тәжірибе жасамас бұрын оң және кері әсерді асықпай, жан-жақты бағамдау керек деп есептеймін. Табиғаттағы барлық нәрсе бір-бірімен тығыз байланыста, тепе-теңдікті сақтау керек және оны жиі түрткісудің қажеті жоқ. Мәселен, бір жерде су тасқынын тоқтатсақ, бір жерде өзеннің ағысы баяулауы мүмкін. Өзеннің көттері елінде табиғи апат болып жатыр. Еуропада су тасқыны, ал бір жерде қорқынышты орман өрті өршіп, барды жоққа айналдырды. Осыны ескеру керек», – деді ғалым жазбасында.

Айлин МАНСҰРҚЫЗЫ

Осыдан төрт жыл бұрын Сырдария ауданындағы Бесарық ауылына жақын «Сасықкөл» көлін облыстық табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы арқылы жалға алдық. Аумағы 77 гектарды құрайды. Бүгінде оның тыныс-тіршілігін дамытуға шама-шарқымыз көлгенше атсалысып келеміз.

БАЛЫҚТЫ ЭЛЕКТР ТОҒЫ АРҚЫЛЫ АУЛАУҒА БОЛА МА?



Су айдынын таза ұстау, көлді тереңдету, мөнайындағы қатты өсімдіктерді шабу, тағысын тағы жұмыстары бар. Қыс мезгілінде мұзды ойып, балықтың қырылмауына жол бермеу де біздің міндетке кіреді. Сондай-ақ жыл сайын күрші егістігінде қалған шабақтарды құтқарып, көлге әкелеміз. Мәселен, биыл 13500-ге жуық шабақ түрі біздің көлге жіберілді. Жалпы, мұнда сазан, деңмәңдай, ақ амур, қызылқанат, шортан, табан, жыланбас, күміс түстес мөңке, торға, ақмарқа, қылыш балық пен көксерке секілді тұымдары тіршілік етеді. Жылға көлден негізі шартпен 886 келі балық аулануы тиіс. Осы тұста бір мәселенің шеті көрінеді. Көл маңында арнайы қорғау белгісі бар ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Десе де, Қытайдың аяны-ды ауторын жайып, тоқпен соғып, қап-қап балықты бірден қармап қалуды құл көретіндер азаймай тұр. Та-

биғат қорғаушылары болса, заңға бағынбағандардың құрал-сайманын тәркілеп, тәртіпке шақыруға тырысып жатыр. Қолға түсіп, айыппұл арқала-ғандардың да аз еместігін естиміз. Биылдың өзінде облыста 20 қылмыс-тық қозғалған өкен. Айтпақшы, бұлай жалғаса берсе, балықтың қарасын көруге зар бо-лып қалар түріміз бар. Басқақ, балыққа қамқорлық маңызды кө-рінбей мүмкін, алайда ол да та-биғат байлығы. Өрі табыс көзі. Бір жағынан денсаулыққа пайдалы, құнарлы өнім. Сондықтан табиғат жанаушы ретінде әрбір адам заңсыздықтың зардабы көп екенін ескере жүрсе деймін...

Бақытұл ПАЗЫЛОВА,
«Жолдабек» шаруа
қожалығының төрайымы

Бұл ту-ралы Сенат депутаттары-ның сауалына ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің жауабында айтылған.

«Қызылорда облысының су шаруашылығы объекті-леріне 2022 жылы респу-бликалық бюджеттен қаржы бөлу жөніндегі депутаттық сауалдарыңызды қарап, мы-наны хабарлаймын. Қараөзек су Күміскеткен су қой-маларын салуға «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Занының жобасы аясында 3,86 млрд, оның ішінде 2023 жылға 1 млрд және 2024 жылға 2,86 млрд тенге көзделген. 2022 жылы Күміскеткен су қоймасының жо-балау-сметалық құжаттамасын әзір-леуді аяқтау үшін 56 млн және Қараөзек су қоймасының құрылыс жұмыстарын бастау үшін 500 млн тенге бөлу мәселелері 2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде қарас-тырылатын болады», – делі Үкімет басшысы өз жауа-бында.

Премьер-Ми-нистрдің айтуынша, Жаңа қорған ауданының 30 мың гектар суар-маны естік жерлерін суи-ти

Қараөзек және Күміскеткен су қоймасы салынады

қам-тама-сыз мақсатта да «Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің жобалау ұйымы («Қазушар» мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы) Сырдария өзенінде су тоспасына құрылысын бірнеше кон-структивті жобалық шешімдерімен салу ма-сәлесін жан-жақты қарас-тырып, тиісті жобалау-іздістіру ж ұ м с т а р ы н жүргізді.

«Алдын ала есеп-теулер бойынша Сыр-дария өзенінде су тоспа-сы құрылысының құны 12-35 млрд тенге ара-лығын құрайтын болады. Экономикалық тиімді нұсқа ретінде үрлемсіз су тоспасын салу қарастырыл-ды және алға есеп бойынша оның құны 14,6 млрд теңгені құрайды. Сырдария өзенінде су тоспасын салу мәселесі Қазақстан Респу-бликасының заңнамасында көздел-ген тәртіппен (мемлекеттік инвес-тициялық ұсыныс әзірлеу және оған экономикалық қорытынды алу, техникалық-экономикалық негіздеме және жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу) іске асырылатын болады. Жалпы Қызылорда облысының су шаруашылығы мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында», – деп атап өтті Асқар Мамин.

Әлемдегі бай спорт түрі – теннис. Қыруар қаржыны талап ететін спорт түрі дүниежүзінде қарқынды дамып келеді. 10 ғасырлық тарихы бар теннистің бүгінде ауқымы кең. Новак Джокович, Роджер Федерер, Рафаэль Надаль секілді саңлақтарды түлеткен тенниске қатысты дерек осында.



ТАБЫСТЫ ТЕННИСШІ КІМ?

Теннис спортының кейбір тарихшылар ежелгі Мысырда пайда болған деп есептейді. «Ракетка» сөзі араб тілінен «рахат» сөзінен шыққан дейді кейбір дерек. Бұл алақан дегенді білдіреді. Тарихтың екінші баламасында теннис 11-12 ғасырда Франциядағы монахтар ойлап тапқан көрінеді.

Теннис кәсіби спорт түрі ретінде 1872 жылы енді. Алғаш рет үлкен теннисті Лимингтон курорттың көгалдарында португалиялық трейдер Хоа Перейра, доктор Фредерик Хейнс және Уэсли Томкинс ойында. Содан осы спортқа арнайы ереже бекітілді. 1873 жылы теннистің ережесін ағылшын офицері Уолтер Клоптон Уингфилд ойлап тапқан. Бұл спорттың болашағы бар екенін білген офицер теннисті патенттеген. Бірақ біраз уақыт бойы адамдар бұл ойында қалай ойнау керек екенін білмеді.

АҚШ-та ойын Мэри Эвингтің арасында пайда болды. Бірінші теннистік матч 1874 жылы Staten Island-да крикет пен бейсбол клубтарында өткізілді. Әлемге егілді Уимблдон жарысы 1877 жылы ерлер, 1884 жылы



әйелдер арасында өтіп, сайыстың маңыздылығы артты. 1900 жылы халықаралық турнир ұйымдастырылды. Әлем назарын аудару үшін жарыстың атауын Дэвис Кубогы деп атады. 1963 жылы Дэвис кубогының баламасы ретінде әйелдер арасындағы федерация кубогы ұйымдастырылды. Бұл екі чемпионат теннистің беделін көтерді.

XX ғасырдың басында теннистен ең ірі турнир Уимблдон мен U.S. Open болды. 1968 жылдан бастап үлкен теннистің жаңа дәуірі басталды. Кәсіпқойлар да, әуесқойлар да ірі жарыстарға қатыса бастады. Ал елімізде теннис егемендік алған

жылдан бастап қана қолға алынды. Бастапқыда теннис пен гольф бай-манаптар мен аумақты адамдардың айналысатын спорты деген түсінік қалыптасты. Сондықтан бұл спорт түрімен айналысатындардың саны да Қазақстанда аз болды. Алайда, соңғы жылдардың бекірінінде сендірі қатқан сенімнің көбесі өсілді. Тенниске қызығатын, секцияларына баратын жастардың саны артты. Елімізде де ол үшін жеткілікті деңгейде барлық жағдай жасалды. Соның нәтижесінде қазақ балалары да теннистен үлкен жетістіктерге жете бастады.

2019 жыл Қазақстан теннисі үшін айтулы

оқиғаларға толы жыл болды. Ұлттық құрама Дэвис кубогі жарысының финалына шықты. Алғаш рет ерлер құрама командасы 18 елмен қатар Дэвис кубогі саралқа салды. Сол жарыста өз группасында тек Ұлыбританияға есе жіберді. Қыздар теннисінен де ұлттық құрамымыз Азия құрлығы мен Мұхит жағалауындағы аймақтық финалда өнер көрсетті.

Қазақстан теннисшілерінің жарқын жеңісі жастардың қортарға қызығушылығын арттырды. Бүгінде қортар саны Қазақстанда 297-ге дейін өскен. Токио Олимпиадасында тамаша өнер көрсеткен Елена Рыбакина үздік бекітке өніп, еліміздегі теннистің жақсы дамығанын көрсетті.

Айта кету керек, бұған дейін «Forbes» журналы ең табысты спортшыларды анықтады. Тізімде теннисші қыздар көш бастап тұр екен. Көштің басын теннисші Серена Уильямс бастап тұр. Оның қаржысы \$29.2 миллионды құраған. Америкалық спортшы \$4.2 миллион ақшасын жарыстардан ұтып алса, \$25 миллионы – демеушілер мен жарнамалар түскен табысы.

Испанияның Мадрид қаласында теннистен Дэвис кубогінің ширек финалы өтуде. Әлемнің үздік 8 құрамасы жартылай финал үшін жарығын бастады. Қорта алғаш болып Қазақстан мен Сербия спортшылары жолықты.



ДЭВИС КУБОГІ: ҚҰРАМА ШИРЕК ФИНАЛДАН СҮРІНДІ

Биыл жарыстың форматы өзгеріске ұшыраған. Яғни қос тарап арасында 3 кездесу болады. Алғашқы ойында Михаил Кукушкин жеңіске жетіп, ұлттық құраманы алға шығарды. Екінші матчта Александр Бублик әлем үздігі Новак Джоковичке жол берді.

Ал шешуші сында Андрей Голубев пен Александр Недовесов жұбы Новак Джокович және Никола Пичичин сыңа түскен. 1 сағат 37 минутқа созылған кездесу сербиялықтардың жеңісімен аяқталды. Қортыңды есеп: 6:2, 2:6, 6:3. Осылайша жерлестеріміз жарыс жолынан шығып қалды.

Айта кетейік, қазақстандық теннисшілер ширек финалға дейін Швеция және Канада құрамаларын ұтты.



ҚОС БАЛУАННЫҢ ҚҰАНЫШЫ

Сәрсенбіде палуандар Нұр-Сұлтанда бас қосып, Тұңғыш Президент жүлдесін саралқа салды. Сегіз салмақ дәрежесінде 64 балуан боз кілемде белдесті.

Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт сарайында ұзын саны 32 жекпе-жек ұйымдастырылды. Кіл мықтылардың арасынан үздікті анықтауға 8 сағаттан астам уақыт жұмсалды. Саралқа салынған жүлде қоры да қомақты. Әр салмақта жеті қарсыласын ұтқан балуанға 10 мың доллардан бұйырды.

Бәсі биік бөсекеде облыс намысын 5 спортшы қорғады. Нәтижесінде 55 келі салмақта Божан Төлепов пен 100 келі салмақта Мақсат Исағабайлов қарсылас шақ келтірмей «Бас балуан» атағына ие болды.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекеттік қызметшілер «Қайырымдылық марафонына» қатысып, ұзақ шақырымды бағындырды. Жүгіруден алдына жан салмаған үздік марафоншылар марапат биігінен табылды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ

Әйелдер арасында 18-29 жас аралығында:

I орын Айжан Борхан – Мемлекеттік кірістер департаменті,
II орын Аумарал Мәлікайдарқызы – Мемлекеттік кірістер департаменті.

II орын Маржан Шыңбаева – Жаңақорған ауданы.

30-39 жас аралығында:

I орын Нұрғұл Шәкізада – Мемлекеттік кірістер департаменті,
II орын Айнуір Қайруллаева – Білім басқармасы,
III орын Құралай Жәнісбаева – Мемлекеттік кірістер департаменті.

40-49 жас аралығында:

I орын Айнуір Кеңесова – Төтенше жағдайлар департаменті,
II орын Гүлмира Нұржабылова – Статистика департаменті,
III орын Салтанат Айдарханова – Мемлекеттік кірістер департаменті.

50 жасан жоғары:

I орын Кенжегүл Құрақбаева – Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі,
II орын Роза Мекебаева – Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі,
III орын Кеңескүл Стамбекова – Мемлекеттік кірістер департаменті.

Ал ерлер арасында 18-29 жас аралығында:

I орын Ержігіл Бахытбеков – Облыстық ветеринария басқармасы.

II орын Бекболат Мүсілімов – облыстық цифрлық технологиялар басқармасы,
III орын Есқали Амангелдиев – Төтенше жағдайлар департаменті.

30-39 жас аралығында:

I орын Нұржан Сатамов – Төтенше жағдайлар департаменті,
II орын Жасұлан Тұрапов – Жаңақорған ауданы,
III орын Мақсат Әбдімәліков – Мемлекеттік кірістер департаменті.

40-49 жас аралығында:

I орын Мейрамбек Доспенбетов – Төтенше жағдайлар департаменті,
II орын Алтынбек Жұмағали – Қазыа ауданы,
III орын Бижан Қалдыбеков – Ветеринария инспекциясы.

50 жасан жоғары:

I орын Қайрат Зейдіалиев – Жаңақорған ауданы,
II орын Марат Кушенов – Статистика департаменті,
III орын Мұрат Мұхтаров – Қалалық мәслихат.



77-ДЕГІ ЖЕЛАЯҚ: «СЫЛТАУДЫ ҚОЙЫП, СПОРТҚА БЕТ БҰР»

Салтанат Түйтебаев – кәсіби марафоншы. Күн кеше халықаралық марафондардың ішіндегі ең беделдісіне қатысты. Бұған дейін ол Австралияда жүгіруден өткен әлем біріншілігінде 2-орын алған. Жаңа Зеландияда ардагерлер арасында өткен марафонда да 1-орынға ие болған. Жүгіруді ертеректен бастаймын деп жүрген көп жасқа үлгі желаяқ қария жайлы тарқатсақ.

Кейіпкеріміз ұстаздық мамандықты игеріп, біраз жыл мұғалім болған. Кейін кәсіподақ саласына ауысып, одақ ыдырап қиын-қыстау заман басталғанда жеке кооператив ашып, еңбек еткен. Бүгінде Нұр-Сұлтанды қаласында тұрады. Марафоншы Нью-Йоркте қаласында өткен халықаралық марафонда көпшіліктен бірге 42 шақырым 195 метрді жүгіріп өтті. Айтағымыз, Нью-Йорк марафонында жүгіру әрбір марафоншының басты арманы. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен шамамен 50-52 мың адам қатысады.

«Мен осыдан 2 жыл бұрын Амстердамда жүгіру марафонынан біліктілікті растайтын нормативті тапсырдым, норматив нәтижесі белгілі болғаннан кейін Нью-Йорктегі жүгіру марафонына ұйымдастырушылар мені қатысуға шақырды. Бұл марафон негізі бұтыр өтуі керек еді, бірақ пандемияға байланысты кейінге шегерілді. Жалпы аталған жүгіру сайысы жыл сайын қараша айының алғашқы демалысында өтеді. Шынымды айтайын, бұған дейін мұндай марафонды көрген емеспін. Осыған дейін



түрлі деңгейдегі 22 халықаралық жүгіру марафонына қатыстым», – деген бір сұхбатында Салтанат Түйтебаев. Ең қызығы, қария Нью-Йоркке марафон басталуға аз күн қалғанда барған. Бұл ретте акклиматизация процесінен өтудің өзі қиын. Өйткені жүгірушілер апта бұрын барып, дайындалады. АҚШ пен Қазақстанның уақыт айырмашылығы – 11 сағат. Бізде қазір күндізгі уақыт болса, Нью-Йоркте түн. Сосын тағы бір қиындық таудыратыны – марафон көбіне қай жерден басталса, сол жерден аяқталады. Ал 42 шақырымға созылған Нью-Йорк марафонының сәресі бір жерден басталғанмен, мөрені мүлде басқа жерден кесіп өту қажет.

«Жалпы, Нью-Йорктің бес ауданы бар. Бір Бруклин ауданының өзі бір Алматымен тең, онда шамамен екі миллион адам тұрады. Елестетіп көріңіз, осындай бес ірі аудан орналасқан аумақты жүгіріп өту оңай емес. Одан соң кепілден жүгіріп өту де қиын. Нью-Йорктің көпірлері тым ұзын әрі биік, соңына дейін жеткенше өспіреп қаласың. Оның үстіне қала кедір-бұдырлы жерде орналасқан, бір түсеңсіз, бір көтеріліңсіз. Көшелері де ұзын. Жалпы айтқанда, өміріміз қатысқан ең қиын марафон осы болды», – дейді желаяқ.

Спортты басты орынға қоятын Салтанат Түйтебаев ақыл-кеңесімен де бөліскен. Ол қазір спортқа бет бұрамын деген адамға жүгіретін орынның жеткілікті екенін, көшелердің өзінде жаттығатын бір қарал-жабдық қарастырылатынын айтады.

«Не керектің барлығы бар. Бар болғаны, берілген мүмкіндікті пайдалан. Жалқаулық желкеннен басып-жанышып тұрса да, спортқа көңіл бөл. Тәнертен бір сағат ерте тұр. Көпшілік бірден жоғары жылдамдықпен жүгіргенді құл көреді, бірақ есте олай емес. Асықпай жүгірген жөн. Сосын «бүгін осыныша шақырым жүгіріміз керек» деп алдын ала жоспарлап, алғатқа қарай беруді қою керек. Қала берді, интернеттен жүгіруге дағдыланудың жолын іздеп, сырттан ақыл-кеңес іздеп жүретіндер де бар. Бұл да дұрыс емес. Бүгін қанша жүгіретіндігіңізді организмнің өзі-ақ «айтып» береді. Спортқа бет бұрып, сылтау іздемеу керек», – деп кеңес береді ол.

Бетті дайындаған: Ерасыл ШӘРІБЕК

JULDYZ - JORAMAI

(29 қараша – 5 желтоқсан)

Тоқты

Жұмысастырушылық қабілетіңіз жоғары. Енді осыны дәлелдеңіз. Жұмыс уақытың босқа жоғалтпаңыз, тиімді іске жұмысыңыз. Өзіңізге келтірер пайдасын ойлаңыз. Тағысыз тағырды қоя түсіріп, өзіңізге көңіл бөліңіз. Осы апта сіз үшін сынақ болғалы тұр. Сынақтан сүрінбей өтуіңіз керектігіңіз. Егер басылық тарапынан ескерту түссе, соған орай әрекет етіңіз. Бүлдірген шаруаңызды реттеуге тырысыңыз.



Торпақ

Материалдық жағдайыңыз жұмыс істеуіңізге тікелей байланысты. Мол қаражат тапқыңыз келсе, іске кірісіңіз. Қолыңыздан біраз шаруа келеді. Соны жұртшылыққа дәлелдеңіз. Көп табыс табуға емес, бапал жаса табуға алыңыз. Орынға қойыңыз. Сонымен қатар болымды жетілдіруіңіз керектігіңіз. Жан-жақтан құрғарға қатысып, пайдалы іске кірісіңіз.

Егіз

Ғылыми жұмыспен айналысатын уақыт келді. Барлығын кейінге ысырып, тек жоспардағы шаруаны атқарыңыз. Осы аптада білім беру саласында қызмет ететіндер мен саясатқа жақын жандардың жолы болады. Жұлдыздар кез келген адамға сене беруге болмайтын айтады. Сондықтан өзге еріп кетпеңіз. Бәрін құжат жүзінде атқарыңыз. Жұмысыңызды іспен дәлелдеңіз.

Шаян

Жұмыста үлкен өзгеріс орын алғалы тұр. Мұның сізге тигізгер кері әсері жоқ. Бастысы, басылықпен тіл табыса білесіз болғалы. Бұл «еней айтса, соны орындауға тиіссін» деген сөз емес. Тек сізге берілген жауапкершілікті атқарған дұрыс. Ата-ананың арманын орындаңыз. Осы аптада ешқандай қиындық қол қоймаңыз. Болым сізге тигізгер жыны болмас. Бірақ сақ болған жан.

Арыстан

Көптен бері жоспарлап жүрген ісіңізге қарантіннің кері әсер етпей өкінішті. Десе де бәрі уақытша нәрсені ұмыттыңыз. Алауды уақытша жұмысыңыз жүріп, ісінз ерге басады. Сол кезде өткенді еске алып отыратын болсыз. Өзге әрекет етіңіз, жұмыс істеуге талпыныңыз.

Бикеш

Бұл белгідегі жандардың қашанда жолы болғалы. Айы онынан тұады. Оның өзіндік себебі де бар шығар. Болым жауапкершілікті жоғары бағалап, мүмкін сенімді ақтау керек жасын түсінеді. Қалай болғанда да жолдары болғалы. Алта сонында есі достарыңызбен кездесесіз. Бұл сізге өткенді ой-елігенін өткізуге көмектеседі. Сондай-ақ кейінге ысырып жүрген жұмыстарыңызды біртіндеп ретке келтіріңіз.

Таразы

Сәттілік серігіңізге айналады. Аптада ешқандай қиындық болмайды. Бәрі сіз ойлағандай жолдарыңызбен іске асады. Тек уақыты боса ілесіңіз. Істеуі тиіс деген нәрсені жүзеге асырыңыз. Тапаныңызды көпшілікке көрсетіңіз уақыт жетті. Достың да, дұшпаның да кезі сізде болады. Бірақ бәрін де тоқтатып болу, өзіңді көрсету сізге жүктеген.

Сарышан

Аптада сезімге ерік бересіз. Бірақ ол үшін өкініштің қажеті жоқ. Бәрі де жақсы болады. Махаббатты жандандыратын уақыттың жеткенін ескеріңіз. Сізге үйлену керек. Мұны жақын арада жүзеге асыратын жоспарға енгізіп қойыңыз. Сонда ғана ісінз ерге басады. Алға жылжығанда ұмтылысты аңғарасыз. Өміріңізге енген жанның сізге сәттілік әкелетіні сөзсіз.

Мерген

«Менің арманым қалай да орындалу керек» деп өзіңді жігерлендіріңіз. Жоспарыңызды жүзеге асыруға талпыныңыз. Сонда ғана ойлаған ісінз орындалмақ. Жұлдыздар гүлдері аустыруға кеңес береді. Сізге де стиль өзгерту қажет. Өзіңді өзге қызықтан көрсету үшін бұл таптырмас мүмкіндік. Айналарға көз жұрттып, жан-жаққа қарап шығыңыз. Болым сіздің серігіңіз қасыңызда жүрген шығар. Отбасы мүшесін толтырып, үйіңізді қуанышқа кенелтіңіз уақыт келді.

Тәуеші


Іскерлігіңіз өзгелерді тәңгі етуде. Осы қалыңыздан таймаңыз. Өмір өзгерісті талап етеді. Сондықтан да сыртың келбетіңізді өзгертіңіз. Арнайы дизайнер мамандардың кеңесіне жүгінің. Стильіңізді өзгертіңіз. Киімнің өзі адамды біршама өзгертеді. Ал іскерлігіңізді (әлі де шынайы түсіні) іздентіңіз. Алта жоспар құрып, өзгелерден өрнеше болуға талпыныңыз. Бұл сізді биік белестерге көтереді, мансабыңыздың жоғарылауына септігіңіз.

Сұққияш

Жұлдыздар осы аптада денсаулыққа аса назар аудару керектігіңізді алға тартады. Серуендеп, жеңіс-жеңіспен қоректеніп, көп қол жинағаныңыз абзал. Денсаулықпен ойнауға болмайды, өзіңді жайысы сезінесіз дәрігерге қаралыңыз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген тәсілді қолданыңыз. Мұны өзіндік ұстанымыңыз деп қабылдасаңыз да болады. Жұмысыңызды кейінге ішкеріңіз. Сенімді деген сөзсіз уақытша табыстаған жан болады. Кейін мәселені қолға алып, реттеп аласыз.

Балық

Өзгерісті өзгеден күтпей өзіңізден бастаңыз. Жұлдыздар аптаны отбасыға арнауға кеңес береді. Жұмысты да ысырып тастамаңыз. Қосымша қаражат табуға қолайлы уақыт. Таза ауада жиі серуендеңіз. Уақыты тиімді нәрсеге пайдаланыңыз. Адамдарға көмектесіңіз, қолдау білдіріңіз. Адамгершілікті алдығың орынға қойыңыз.



Көгер жарығы бар жандар. Бұл ғажайыптың күшімен аман қалып, шартараты таналдырған. Уотсондардың отбасына қатысты айтылған. Әлеуметтік желіні парақтай отырып, біз

Ал күту қиынның қиыны. Белгісіздік адамды қажытады емес пе? Десе де, үміт алдамады. Түн ортасында олар құтқарушылардың дауыс зорайтышынан оянды. Олар «Бұл құтқарушылар

уақытқа қарамастан құтқару тобы тікұшақпен отбасын іздеуге шыққан. Биліктіңен жылу сезіп құрығы арқылы отты көрген. Сол сәтте тікұшақ ұшқышы Дю Кингман 23 жылғы қызметінде бөтелкедегі хабарлама арқылы адам өмірін бірінші



де олардың оқиғасына бей-жай қарай алмадық. «Өр қиындықтың бір қайыры бар» деген.

Осыдан біршама уақыт бұрын кезекті саяхаты барысында Кертіс Уотсон отбасымен бірге Калифорния штатындағы Арройо Секо өзеніндегі сарқыраманың басында қалып қойған. Ер адам өзеннің жолын жақсы білетініне сенімді болған екен. Алайда 12 метрлік сарқыраманың басына келгенде төмен түсетін арқаннан жоғалып кеткені байқалады. Ол көрі қайтуды ең қауіпсіз жолы еді. Осылайша отбасы еш байланыс құралынсыз шатқалдың басында қалған. Уақыт өте берді. Тапқанға егер азықтың да түбі қарне бастаған. Бірақ олар өмір үшін жанталасуды тоқтатпады. Сан түрлі әрекетке барды. Берекет болмады. Отбасын құтқару үшін ағашқа «Бізге көмектесіңдер!» деп жазып, оны суға да тастады. Ағаш түсі жеңіл болғандықтан, төмен ақпай қойды. Содан соң тағы пластик бөтелкені алып, жан-жағына «HELP» сөзін қырып жазып, ішіне жосудың қажеттігі жазды. Кейінгісі – хабар күту.

тобы, орындарыңызда болыңыздар, таңертең алып кетеміз» деп хабар

рет құтқарғанын айтты. Кертіс те көп ұзамай өзінің Инстаграм желісіндегі парақшасына: «Өмір, қадірліңді енді ұқтым. Мен бақытты жанмын!» деп жазды. Осыған қарап, бүгінгіміз, барымызды бағалауды естен



берді. Ертесіне Кертіс отбасымен бірге дін аман байы орапды. Кейіннен отбасы бөтелкелерін екі туристтің тауып алғанын білді. Олар бөтелкедегі жатты оқып, жосудың қажеттігі тобын хабарласқан екен. Түнгі

шығарып жатады екенбіз деген ойға келесіз. Ал байы көрінебейді, бейне бір жасырынбақ ойнап жүргендей. Ол – дәл қазіргі сәт. Бүгінгімізді бағалап, ғажайыпқа сенейік!

Айлин МАНСҰРҚЫЗЫ

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИН

ЙОГА БАҚЫТ ГОРМОНЫН БӨЛЕДІ

«Дүйсенбіден бастап жаңа өмір бастаймын». Осы айтылған дүние сол күйі қалатын кез көп. Себебі басым көпшілігіміз ойған алған істі ертеңге, келесі аптаға, алдағы айға, тіпті келер жылға қалдырудан жалқыпаймыз. Ал кезекті кейіпкеріміз Ирина Ан жалқаулыққа жол бермей, онымен күресуге шақырады. Оны жеңуде арнайы жапон қағидасын ұстанатынын да айтады. «Кайдзэн» қағидасы Иринаға әртүрлі сылтау тауып, орындағы келмеген ісін жүзеге асыруға көмектескен екен. Тіпті, шабыт сыйлап, азройоға секілді жаңа хоббиімен айналысуына сеп болған.

«Кайдзэн» 1 минут қағидасы» деп те атайды. Бұл қағиданы ұстау арқылы сіз өзіңізге деген сенімсіздікті жойып, алға ұмтыласыз. Сосын бара-бара 1 минуттық жаттығу 5 минутқа ұласады. Сөйте жүріп, жарты сағатқа да жетесіз. Бұл қағида Жапонияда пайда болған. «Кай» өзгеріс, «дзэн» білімділік деген мағынаны білдіреді. Қағида авторы Масааки Иман оның жеке өмірде де, кәсіпте де көмектесетінін айтады. Бұл рәс. Өйткені мен де жаңа дүниелерге көп назар аударға бастадым. Онда жоқта азройоғаға қызығушылық танытып, өзімді жетілдіруге күш салдым. Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында өткен арнайы шеберлік сабақтарына қатыстым. Тың тәжірибе жинақтап, Қызылордада алғашқылардың бірі болып, азройоға үйірмесін аштым», – дейді Ирина.

Кейіпкеріміз үйіріме ашылған уақытта оған қызығушылардың саны аз болғанын айтады. Тек уақыт өте ғана сұраныс көбейген. Себебі азройоғаның денсаулыққа әсері мол. Буын ауруына, омыртқаға түз жиналу, артрит және артроз, өзімді жетілдіруге күш салдым. Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында өткен арнайы шеберлік сабақтарына қатыстым. Тың тәжірибе жинақтап, Қызылордада алғашқылардың бірі болып, азройоға үйірмесін аштым», – дейді Ирина. Кейіпкеріміз үйіріме ашылған уақытта оған қызығушылардың саны аз болғанын айтады. Тек уақыт өте ғана сұраныс көбейген. Себебі азройоғаның денсаулыққа әсері мол. Буын ауруына, омыртқаға түз жиналу, артрит және артроз, өзімді жетілдіруге күш салдым. Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында өткен арнайы шеберлік сабақтарына қатыстым. Тың тәжірибе жинақтап, Қызылордада алғашқылардың бірі болып, азройоға үйірмесін аштым», – дейді Ирина.

«Йоганы көптеген физиологиялық процестерді қалыпта қелтіруі мүмкін емес. Адам



ағзасы сағат механизмідей қызмет ететін белгілі. Егер өзіміздің биологиямызға бағынып, уақытылы ұйықтап, үйіспетілген тағам ішетін болсақ, ағзаға ешқандай да қосымша реттеу жұмыстары қажет болмас еді. Алайда қазіргі қарбаласқа толы кезеңде дұрыс режимді сақтап жүргендер сирек. Осыдан кейін денсаулыққа көмек ретінде қосымша құралдардың қажеттілігі туындайды. Азройоғаның көмекке келетін тұсы осы. Сондай-ақ ол қартаю процесін тежейді, бақыт гормонын бөледі. Адамның жасы оның омыртқасынң иілгіштігін өлшенеді. Ал йоганың кез келген түрінің барлығы дерлік омыртқаға арналған. Азройоға немесе флаййога метаболизмді жеделдетуде де сеп. Көбіне келушілер оның косметологиялық әсерін байқайтыны сондықтан», – дейді жаттықтырушы.

Бұдан бөлек, адамның бір нәрсеге зейін қою йоганың тағы бір артықшылығы дер еді. Мұнда йоганың бұды компоненттерінің бірі – медитацияның көмел зор. Бір сөзбен айтқанда, бұл – ақыл-ой гигиенасы. Қазіргі уақытта табысты, жетістігі мол деген әйелі

адам туралы апаратын оқысаныз, медитациямен айналысатынын білесіз. Психологиялық тренингтердің ішінде міндетті түрде медитацияның болуы да қалыпты жағдайға айналған. Мамандар да оны жүйелі қолданатын адамдардың есте сақтауы, мәселелерді тез шешу қабілеттілігін артатынын алға тартып жүр.

«Өзіңді үнемі жетілдіріп отыру – өмірлік қажеттілік» деп білетін Иринаның тобында да осы медитацияға жақын әртүрлі жас өкілдері, соның ішінде жастар көп екен. Бұл ретте жаттықтырушы артық салмақ көдері еместігін айтты. Ілүлі ғамма дене салмағын толық көтереді, оның максималды жүктемесі 500 келні құрайды. Алайда сақтыққа салып қарамау қажет. Бүгінде азройоғаның жүйесін түсіне бермейтіндер бар. Үй жағдайында ғаламтор арқылы жаттығумен айналысып, жарақат алып жататындар кездеседі. Ал мұндай оқыс оқиғаға жол бермес үшін бастағында йога жаттықтырушысымен жұмыс істеген жөн.

М.СНАДИН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ISO 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Тарапымы: 8517
Тапсырыс: 1748